

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАҢДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ



رمضان مبارك

МУБӘРАК
РАМАЗАН

Алматы 2013 ж

УДК 28
ББК 86.38

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының
сараптау комиссиясы мақұлдаған

Ержан қажы Малғажыұлы

**Мүбәрак рамазан -
Алматы: «Ғибрат» баспа үйі, 2013 - 80-бет**

ISBN

Рамазан айында мұсылманшылықтың бес парызының бірі ораза құлшылығы орындалады. Осы кітапта оразаның қыр-сыры, оған қатысты мәселелер жайлы қанықты мағлұматтар берілген. Кітап қалың жұртшылыққа арналған.

© Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, 2013

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ وَالصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ عَلَيَّ أَشْرَفِ الْمُرْسَلِينَ وَعَلَى
آلِهِ وَأَصْحَابِهِ أَجْمَعِينَ

Аса мейірімді, Мейірбан Алланың атымен бастаймын. Барлық мадақ әлемдердің Иесі Аллаға тән. Салауат пен сәлем елшілердің төресіне, оның әулеті мен сахабаларына болсын.

Алғысөз

Құдайға шүкір, қасиетті рамазан айына да аман-сау жеттік. Ұлық айға есендікпен жеткеннің өзі үлкен нығмет. Жаратқан Ие баршамызға осы айдағы жауапкершілікті лайықты түрде атқаруға медет берсін, жәрдем етсін.

Бұрынғы мұсылмандар осынау мүбәрак аймен қимай қоштасып, ал келесі жылы құдды қырық жыл көрмеген қонағын күткендей құшақ жая қарсы алады екен. Өйткені бұл ай әрбір жанға иләһи мейірімнің бір сынығын сыйлайтын сауабы мол маусым.

Алланың Елшісі (с.а.с.) ұлық айды ерекше бағалап, үмбетіне үлгі қалдырған. Имам Ахмет жеткізген риуаятта Пайғамбар (с.а.с.) ражаб айы кірген уақытта: «*Уа, Алла! Бізге ражаб пен шағбанның берекесін бер! Рамазанға аман-сау жеткізе көр!*» – деп тілек тілеген екен.

Ендеше сол үмбеттің жалғасы болып табылатын кейінгі ұрпақ біз де Ұлы Рахманнан ұлық рамазан айының берекесін тілейміз. Мейірім маусымының исі мұсылманға игілікті болуын тілеп Жаратқанға жалбарына дұға етеміз.

§1 РАМАЗАН АЙЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Алла Тағала былай дейді: «Әй, мүміндер! Сендерге бұрынғыларға парыз қылғандай ораза парыз қылын-ды. Әрине сақтанарсыңдар. Санаулы күндерде. Сонда сендерден кім ауру немесе жолаушы болса, басқа күндерде төлер. Және сондай оразаға күші келетіндер, *(кәрі не аурулар)* бір міскіннің тамағын төлесін. Сонда кім ынтығып артық қайыр қылса, ол өзіне жақсы. Білсеңдер сендер үшін ораза ұстауларың тағы жақсы. Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және *(ақ пен қараны)* айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді. Сендерден кім рамазан айында болса, ораза ұстасын. Ал біреу науқас не сапарда болса, басқа күндерде санын толтырсын. Алла сендерге оңайлық қалайды, ауыршылық қаламайды. Сендерді тура жолға салған Аллаға шүкірлік етулерің үшін санын толтырыңдар. Әрі Алланы ұлықтаңдар» (Бақара сүресі, 183-185-аяттар).

Осы аяттарға зер салып қарасақ, көптеген жайттарға қанық боламыз.

Алдымен, ораза құлшылығы бізден бұрынғы қауым-дарға да парыз болғандығын білеміз. Бірақ ол қауымдардың барлығы дерлік жойылып кетті де, бұдан былай жер бетінде Алла Тағаланың соңғы кітабы – Құран Кәрім мен соңғы пайғамбары – Мұхаммедтің (с.а.с.) сүннетін негіз еткен мұсылман шариғаты ғана үстемдік ететін болды һәм Құдай Тағаланың құзырында осы шариғат бойынша

жасалған құлшылықтар ғана қабыл алынатын болды. Өйткені мұндағы қаратпа сөз бүкіл адамдарға емес, олар-дың ішіндегі иман келтіргендерге арнайы айтылып тұр.

Оразаның парыз болынған мерзімі санаулы күндер, яғни бір ай. Бұл да Жаратқанның мүмін құлдарына жасаған бір ерекше жеңілдігі. Жыл-он екі айдың ішінде бір айды құлшылыққа арнау кез келген мүмін пенденің қолынан келетін іс.

Ал егер мұсылман науқас болса немесе сапарда жүрсе, онда дертінен айыққан соң немесе сапардан оралған соң басқа күндерден сол мерзімді толықтырып тұтуы қарастырылған.

Егер де ораза тұтуға қауқары жетпейтін кәрі немесе созымалы дерті бар кісі болса, онда әрбір күнге бір міскінді тамақтандыруы тиіс.

Денсаулығың жетіп ораза тұтсаң ең қайырлысы сол. Өйткені бұл ұлық айды басқа ешбір ай алмастыра алмайды. Себебі, бұл айды Алла Тағаланың Өзі айрықша еткен. Бұл ай адамдарды тура жолға бастайтын Қасиетті Құран аяттары түсіріле бастаған ай. Одан бұрынғы басқа да иләһи кітаптар нақ осы айда түсірілген. Сонымен қатар әр жылы келетін рамазан айының өзіндік орны, уақыты бар. Жыл мезгілдерінің әрбіріне ауысып отырады. Мысалы, шілденің тоғызына келген рамазан мүміннің өмірінде екінші рет осы уақытқа дөп келмеуі кәдік. Әрбір рамазан айы сондай қайталанбас уақытымен де ерекше.

Аталған аяттарға қайта оралайық. Адамзаттың асылы Мұхаммед (с.а.с.) Хира үңгірінде Жаратқанға оңаша ғибадат етіп жатқан түндердің бірінде

Жебірейіл періште (а.с.) келіп, Құранның алғашқы аяттарын уахи етті. Сол түн мың айдан қадірлі Қадір түні еді.

Иләһи пәрменнің мәніне үңілсек, рамазан айының туғанына көрген, сол кезде тірі болған әрбір мұсылманға ораза тұту парыз екендігін аңғарамыз.

Алла Тағала Өзінің қалауымен ораза құлшылығы үшін жыл-он екі айдың ішінен рамазан айын таңдаған екен. Олай болса, осынау таңдаулы айдың өзіне тән артықшылықтары да бар. Хақ Тағала ерекше айдағы ғибадатты бұлжытпай орындаған құлдарының мәртебесін де ерекше биіктетіп, мерейін асыруға уәде еткен.

Енді осы айдың туғанын көре тұра оразаға кіріспеген жан күнәһар болып есептеледі. Өйткені ол Алла Тағаланың әмірін орындамай, оған жүрдім-бардым, салғырт қараған. Ал мұндай жүгенсіздік Жаратушы Хақ Тағаланың ашу-ызасын тудырып, қаһарына ұшырауға себеп болуы ықтимал. Өйткені аталмыш аятта иман келтірген әрбір жаннан егер сол айға аман-сау жетсе, ораза тұту талап етілді. Ал Алланың әмірін екі етуге болмайды. Дініне салғырт-салақ болып, соның себебінен ғибадаттан, Раббының рахымына жеткізетін үлкен нығметтерден мақұрым қалып жүрген мұсылмандарды Жаратқан Ие тура жолға бастасын.

Аталған аятта Алла Тағаланың иман келтіргендерге тек жақсылық, жеңілдік қалайтындығы айтылады. Расында да асыл дініміз үкімдерінде қиындық жоқ. Бұл тұрғыда Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Шындығында дін – жеңіл», – деген. Ислам дініндегі әрбір ғибадаттың, парыздың оңтайлы тұстары бар.

Өйткені аятта айтылғандай, Хақ Тағала пенделеріне ауыр істі жүктеп, қиындыққа душар етуді қаламайды. Сондықтан егер бір кісі рамазан айында науқас болса немесе сапарда жүрсе, кейінірек сауыққанда немесе еліне қайтқанда қазасын өтеуіне болады. Бұл Алла Тағала тарапынан берілген үлкен нығмет, жеңілдік. Аяғы ауыр немесе етеккірі келген әйелдердің үкімі де науқас жандыкіне ұқсас.

Сондай-ақ, отыз күн ораза тұтқан мүміндер құлшылықты абыройлы орындап болған соң Жаратқанға шүкірлері мен зікірлерін айтуы тиіс. Тура жолға салып, дүниедегі ең басты бақыт – Ислам дінінде болу нығметін сыйлағаны үшін әрі оразаны аман-есен тұтуды нәсіп еткені үшін Жаратқанды ұлықтап, тәкбір айтулары керек, Ораза айтын лайықты түрде тойлауы қажет.

Пайғамбардың (с.а.с.) сүйіншілеуі

Пайғамбар (с.а.с.) сахабасы Салман әл-Фариси (р.а.) былай дейді: «Шағбан айының соңғы күні Алланың Елшісі (с.а.с.) бізге мынадай уағыз айтты: *«Уа, адамдар! Сендерге ұлық, берекелі ай келіп жетті. Бұл айда мың айдан артық Қадір түні бар. Алла осы айда ораза тұтуды парыз етті, ал түндерінде намаз оқуды ерікті қылды. Осы айда Аллаға бір ізгі қасиетпен жақындаған жан басқа уақытта парыз орындағандай. Ал осы айда парыз амалын орындаған адам басқа уақытта жетпіс парыз орындағандай. Бұл ай – сабырлылық айы. Ал сабырдың сыйы – жәннат. Өзара жанашырлық айы. Бұл айда мүміннің ырзық-несібесі еселенеді. Кімде-кім осы айда ораза тұтқан бір жанға ауыз ашар жасаса,*

оның күнәсі кешіріліп, тозақтан азат етіледі. Ораза тұтушының сауабынан да ешнәрсе кемітілмейді». Осы тұста сахабалар: «Уа, Алланың Елшісі! Ауызашар жасауға бәріміздің мүмкіндігіміз бола бермейді ғой», – деді. Сонда Алла Елшісі (с.а.с.): «Оразашының аузын, тіпті, бір түйір құрмамен, не бір жұтым сумен, сүтпен аштырған жанға да сондай сауап жазылады. Бұл айдың басы рахым, ортасы кешірім, ал соңы тозақтан құтылу кезеңі. Кімде-кім осы айда құлына, қызметшісіне жеңілдік жасаса, Алла оның күнәсін кешіріп, тозақтан азат етеді. Бұл айда төрт түрлі қасиетті көбейтіңдер. Оның екеуі Раббыларыңды разы ететін қасиеттер: шәһадатты және истиғфарды көп айтып жүріңдер. Енді екеуі өздеріңе аса қажетті қасиет: Раббыларыңнан жұмақты сұраңдар да, тозақтан азат етуін тілеңдер. Кімде-кім ораза тұтқан жанға ауызашарда сусын берсе, Алла оны Қиямет күні менің әузімнен сусындандырады да, ол қашан жұмаққа кіргенше еш шөлдемейтін болады», – деді». (Ат-тарғиб уат-тарғиб, Мишкатул-масабих, Кәнзул-уммал кітаптарында риуаят етілген хадис).

Термези таратқан тағы бір риуаятта адамзаттың асыл төресі (с.а.с.) ұлық айдың ерекшелігі жайлы былай тарқатады: «Рамазан айының алғашқы түні болғанда шайтандар мен дүлей жындар кісенделеді. Тозақтың қақпалары тарс жабылады да, біреуі де ашылмайды. Жұмақтың қақпалары айқара ашылады да, біреуі де жабылмайды. Бір жаршы: «Ей, жақсылық қалаушы, баста! Ей, жамандық қалаушы, таста! Алланың тозақтан азат ететін құлдары бар!» – деп жар салады. Әрбір түні осылай айтылады».

Имам Мүслім таратқан риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Адам баласының әрбір

іс-амалы оннан жеті жүз есеге дейін көбейтіледі. Даңқты да ұлы Алла былай дейді: «Тек оразаның жөні бөлек. Оның сауабын Өзім беремін. Өйткені ол Мен үшін қызықтардан, ішіп-жемнен бас тартқан». Ораза тұту-шының екі қуанышы бар: біріншісі оразасын ашқанда, ал екіншісі Раббысымен жолыққанда. Сөзсіз, ораза тұтушының аузынан шыққан иіс Алланың құзырында хош иісті мисктен артық».

Бұхари мен Мүслімнің Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткізген риуаятында Алланың Елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім рамазан оразасын шынайы иманмен сауабынан үміт еткен түрде тұтса, оның бұрынғы күнәлары кешіріледі», – деген.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Күнделікті бес уақыт намаз, жұма намазы келесі жұма намазына дейін, рамазан оразасы келесі рамазан оразасына дейін осы аралықтарда жасалған күнә-қателіктерді, егер пенде үлкен күнәлардан сақтанса, кетіреді», – деген. Мүслім риуаят еткен.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Сендерге берекелі ай рамазан келді. Даңқты һәм Ұлық Алла сендерге осы айда ораза тұтуды парыз етті. Осы айда аспан қақпалары ашылып, тозақ қақпалары жабылады да, шайтандар кісенделеді. Осы айда Алланың мың айдан артық бір түні бар. Кім сол түннің қайырынан қалып қойса, көп нәрседен мақұрым қалады», – деген. (Ахмет риуаят еткен).

Мұғаз ибн Жәбәл (р.а.) былай дейді: «Бірде Пайғамбармен (с.а.с.) бірге сапарда болдым. Бір күні оған жақынырақ келе жатқанымда: «Уа, Расулалла! Маған мені жұмаққа кіргізетін, тозақтан алыстатын іс туралы айтып беріңізші», – дедім. Ол (с.а.с.):

«Расында, үлкен нәрсе туралы сұрадың. Алайда ол Алла жеңілдеткен жан үшін жеңіл іс. Ол – Аллаға ешнәрсені серік қоспай құлшылық қылуың, намаз оқуың, зекет беруің, рамазанда ораза тұтуың, қажылыққа баруың», – деді. Сосын: «Саған ізгіліктің қақпалары туралы айтып берейін бе? Ол, ораза – қалқан. Ол – судың отты өшіргені сияқты күнә-қателіктерді өшіретін садақа. Ол – бір кісінің түн жарымында оқыған нәпіл намазы», – деді. Сосын мына аятты оқыды: **«Олардың жамбастары төсектерінен ажырап (түнде ұйқыдан тұрып) Раббыларына үрейленіп, үміт етіп жалбарынады. Сондай-ақ олар берген несібемізден тиісті орынға жұмсайды. Расында істеген ізгі ісі үшін қандай көзайымдар сақтаулы тұрғандығын ешкім де білмейді»** (Сәжде, 16,17). Сосын: «Саған істің басы, өзегі және шоқтығы туралы айтайын ба?» – деді. Мен: «Әрине, уа, Расулалла», – дедім. Ол (с.а.с.): «Істің басы – Ислам, өзегі – намаз, шоқтығы – имани күрес», – деді. Содан кейін: «Осы айтылғанның барлығының ұстап тұрудың жолын көрсетейін бе?» – деді. Мен: «Әрине, уа, Алланың пайғамбары», – дедім. Сонда ол (с.а.с.) тілін ұстап көрсетіп: «Мынаған ие бол!» – деді. Мен: «Уа, Алланың пайғамбары! Сонда біз сөйлеген сөзіміз үшін жазаланамыз ба?» – деп сұрадым. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): «Әй, Мұғаз! Адамдар тозаққа етпеттерінен сүйретіліп апарылғанда осы тілдерімен айтқандарының жазасы үшін апарылмай ма?» – деді. (Термези, Ахмет, Ибн Мәже, Хаким, Бәйһақи риуаят еткен).

Құран түскен құтты ай

Алла Тағала былай дейді: **«Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және (ақ пен қараны) айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді»** (Бақара, 185).

Жаһанның жолбасшысы Мұхаммедке (с.а.с.) ардақты аяттардың түсірілуі осы айдағы қасиетті түндердің бірінде басталды. Ол түн мың айдан қадірлі Қадір түні еді.

Пайғамбарлықтан бұрын бүкіл жаратылыстың мырзасы Мұхаммед (с.а.с.) Мекке сыртындағы таудағы Хира атты үңгірде жұрттан жырақ, оңаша жағдайда Алла Тағалаға құлшылық ететін. Жасы қырыққа толған шағында қалыпты дағдысымен құлшылық етіп жатқан оған Жебірейіл періште (а.с.) келіп: «Оқы!» – деп бұйырады. Ол (с.а.с.): «Мен оқи алмаймын», – дейді. Сонда періште оны қатты қысып, сосын босатып жіберіп тағы да: «Оқы!» – дейді. Мұхаммед (с.а.с.): «Мен оқи алмаймын», – дейді. Жебірейіл (а.с.) оны тағы да қысып: «Оқы!» – деп әмір етеді. Пайғамбар (с.а.с.): «Мен оқи алмаймын», – деп қайталайды. Сонда Жебірейіл (а.с.): **«Сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адам баласын ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Ол Раббың аса ардақты. Сондай қаламмен үйреткен. Адамзатқа білмеген нәрселерін үйреткен»**, – деп алғашқы аяттарды уахи етеді. Сосын: «Уа, Мұхаммед!

Ақиқатында, сен – Алланың Елшісісің!» – деп көзден ғайып болады.

Кітаптардың кітабы Құран Кәрім Пайғамбарға (с.а.с.) сол түннен бастап жиырма үш жыл бойы түсірілді. Алла Тағала Құранның қадірі хақында былай дейді: **«Уа, адамдар! Сендерге Раббыларың тарапынан бір үгіт, жүректерге шипа және иман келтіргендер үшін тура жол бастаушы әрі рахым (Құран) түсті»** (Жүніс, 57); **«Расында, осы Құран ең тура жолға бастайды»** (Исра, 9).

Пайғамбар (с.а.с.) үмбетіне Қасиетті Құран мен өзінің сүннетін бекем ұстануды аманат етіп былай деген: *«Мен сендерге егер нық ұстасаңдар еш адаспайтын екі нәрсе қалдырып барамын, ол – Алланың Кітабы (Құран Кәрім) және менің сүннетім».*

Алланың Елшісі (с.а.с.) бізге Құран Кәрімді ұдайы оқып-үйренуді, жаттауды, ондағы ұлағатқа амал етуді бұйырды. Ондағы әрбір әріпте үлкен сауап бар екендігін айтты: *«Сендердің ең қайырлыларың Құранды үйреніп және басқаға үйреткендерің»; «Құраннан бір әріп оқыған адамға бір жақсылық жазылады. Ал әрбір жақсылықтың сауабы он еселенеді. Мен «Әлиф. Ләм. Мим» бір әріп деп айтпаймын. Әлиф – бір әріп, ләм – бір әріп, мим – бір әріп».*

Рамазан айында Құран Кәрімге ерекше ден қоюымыз керек. Себебі, осы айда Құран түскен. Осы айда Жебірейіл періште (а.с.) Алланың Елшісіне (с.а.с.) келіп, Құран Кәрімді қайталап үйрететін.

Хақ Тағаланың Кітабын үйрену, Елшісін (с.а.с.) сүю тәрбиенің негізгі қайнар көздері. Имам Табарани таратқан хадисте былай делінген: *«Балаларыңды үш түрлі қасиетке баулыңдар: Пайғамбарларыңды сүюге,*

оның әулетін сүюге және Құран оқуға. Шындығында, Құранды жаттағандар ешқандай көлеңке болмайтын Қиямет күні Алланың Аршысының көлеңкесінде болады».

Сонымен бірге, Қиямет күні әрбір мұсылманға тұтқан оразасы мен оқыған Құраны шапағатшы болады екен. Имам Ахмет риуаят еткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.) былай дейді: *«Қияметтің күні Раббының алдында ораза мен Құран пендеге арашашы болады. Ораза: «Раббым! Мен оны күндіз ішіп-жемнен тыйған едім. Енді мен оған арашашы болайын», – дейді. Құран болса: «Мен оны түнде ұйқысынан айырып едім сол үшін оған арашашы болайын», – дейді. Сөйтіп, екеуінің де шапағаты қабыл етіледі».*

Ислам тарихындағы ғұламалар, ізгі пенделер рамазан айында Құран Кәрімге ерекше ден қойып, түгел оқып, зерделейтін болған. Төл мазһабымыздың көшбасшысы, ұлық имам Әбу Ханифа рамазан айында Құранды бірнеше мәрте хатым еткен.

Айрықша құлшылықтар айы

Бұдан бұрын айтылған хадисте былай делінген: *«Осы айда Аллаға бір ізгі қасиетпен жақындаған жан басқа уақытта парыз орындағандай. Ал осы айда парыз амалын орындаған адам басқа уақытта жетпіс парыз орындағандай».* Атақты ғұлама Ибн Ражаб әл-Ханбали өзінің «Латаифул-маъариф» атты кітабында былай дейді: *«Ізгі амалдың сауабының ерекше еселенуінің себептері бар. Біріншісі, ізгілік жасалған жерге қатысты. Яғни орынның құрметтілігіне қарай онда орындалған іс-амалдың сауабы да еселенеді.*

Сондықтан да Мекке мен Мәдинадағы қасиетті мешіттерде оқылған намаздың сауабы айрықша. Пайғамбар (с.а.с.): *«Менің мешітімде оқылған бір намаз әл-Харам мешітінен өзге мешіттерде оқылған мың намаздан артық»*, – деген. Қасиетті мешіттерде орындалған ғибадаттардың сауабы да үлкен.

Ізгі амалдың сауабының еселенуінің тағы бір сыры оның орындалған уақытына байланысты. Мысалы, зул-хиджа айының алғашқы онкүндігінде және рамазан айында жасалған қайырлы істердің мәртебесі биік. Бір хадисте *«Қай садақа қайырлы?»* – деп сұраған кісіге Пайғамбар (с.а.с.): *«Рамазан айында берілген садақа»*, – деп жауап берген». Басқа бір хадисте адамзаттың ардақтысы (с.а.с.): *«Рамазан айында орындалған ұмраның сауабы қажылықпен тең»*, – деген.

Олай болса, ақылды адам ұлық айдың осындай шарапатынан құр қалмаса керек.

Тәубе айы

Рамазан айы жылына бір рет келетін зор мүмкіндік. Ғибадат айында ерекше рухани атмосферада іс-амалдарды електен өткізіп, иманды жаңартуға, ізгілік істер арқылы жүректі жұмсартуға болады. Ал осы бір мүмкіндікті кәдеге жарата алмау нағыз дімкәстікті білдіреді.

Әл-Хаким таратқан риуаят бойынша бірде

Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларына мінберді әкелуге бұйырады. Сосын әкелінген мінберге көтеріліп бара жатып: *«Әмин»*, – деп үш рет айтады. Сосын қайтадан төмен түседі. Сахабалары мұның мәнісін сұрайды. Сонда Алла Елшісі (с.а.с.) былай дейді: *«Маған Жебірейіл (а.с.) көрініп: «Рамазанға жетсе де, күнәсі кешірілмеген жан аулақ кетсін!» – деді. Мен: «Әмин», – дедім. Екінші мәрте көтерілгенімде: «Сенің есімің аталғанда салауат айтпаған жан аулақ кетсін!» – деді. Мен: «Әмин», – дедім. Үшінші мәрте көтеріле бергенімде: «Ата-анасының екеуі, не біреуі көз алдында қартая тұра, жұмаққа кіруіне себепкер бола алмаған (ата-анасына лайықты қызмет ете алмаған) жан аулақ кетсін!» – деді. Мен тағы да: «Әмин» – дедім»*.

Тақуалық айы

Алла Тағала былай дейді: **«Әй, мүміндер! Сендерге бұрынғыларға парыз қылғандай ораза парыз қылынды. Әрине сақтанарсыңдар»** (Бақара сүресі, 183-аят).

Осы шарапатты аяттың соңы *«әрине сақтанарсыңдар»* деп аяқталып тұр. Бұл сөзде терең мағына жатыр. Ораза парызы Раббымыздан шынайы түрде қорқуға, тақуалыққа тәрбиелейді. Бұл аяттағы *«тәтәқун»* сөзі *«сақтанарсыңдар»* деген мағынамен бірге *«тақуалық етерсіңдер»* деген мағынаны да білдіреді. Оразаның түпкілікті мақсаты пенденің

бойында Құдай Тағаладан қорқу, тақуалық қасиетін қалыптастыру болып табылады.

«Құдайдан қорықпағаннан қорық» дейді халық даналығы. Тегінде, тақуалық адам баласының ең көркем сипаты. Өйткені Құдайдан қорқу сипаты пендені талай жаманшылықтан сақтайды. Сондай-ақ, барша пайғамбарлар алдымен Құдайдан қорқуға шақырған.

Рамазан айында парасат-пайымы биік пенде үшін артындағы ғұмыр жолына бір қарап алып, өткенін безбендеп, болашағын бағдарлайтын қайталанбас сәт туады. Шындығында, өз-өзіне есеп беру тақуа жандардың дағдысы, байыптылардың әдеті. Алла Тағала Құран Кәрімде былай дейді: **«Алла бір қауымды қашан олар өз-өздерін өзгертпейінше өзгертпейді»** (Рағыз, 11). Яғни өз-өзін жақсы жаққа өзгерту, Раббы Тағала разы болатын бағытқа бұру ең алдымен әрбір пенденің ықылас-ниетіне, ерік-жігеріне, қажыр-қайратына байланысты дүние. Пенде тура жолға ниет етсе, Алла да оның жолын жеңілдетіп, сауабын еселейді.

Пайғамбар (с.а.с.) бір хадисінде былай дейді: *«Зерек – нәпсісін төмен ұстап, өлімнен кейінгіге амал еткен адам, ал дәрменсіз – нәпсісі мен әуейілігіне еріп, Алладан шексіз үміттенген адам»*. Осы хадистегі «нәпсісін төмен ұстау» деген ұғымды ғалымдардың бір тобы өз-өзіне есеп беру деп түсіндірген. Яғни Қиямет күні талқыға түспей тұрып, осы дүниеде өз ісіңе талқы жасап, есеп беруге дағдылану, сөйтіп, Ұлы Есеп күніне өзіндік есеппен, іс-амалды таразылап, елеп-екшеумен бару.

Өз-өзіне есеп беру ізгі пенделердің дағдысы,

мұсылманнның иманын жаңартып, түлететін ой таразысы, пікірі мен түсінігін туралап, түзейтін тезі. Бұл туралы мұсылман тарихында талай ділмәрлар, тақуалар түрлі айшықты ойларын айтып кеткен. Солардың біразы мынадай. Омар ибн Хаттабтан (р.а.) қалған мынадай мәшһүр өсиет бар: *«Есепке алынбастан бұрын өздеріңнен есеп алыңдар, оны таразыға түспестен бұрын таразылаңдар, ең үлкен тексеру күніне дайын болыңдар, «Сол күні сендер тексерілесіңдер, сонда сендердің ешқандай құпияларың жасырын қалмайды»* (Хаққа, 18)».

Уаһб ибн Мунәббих былай деген: «Дәуіт (а.с.) әулетінің даналықтарының бірі мынадай: «Әрбір ақылды пенде үшін ешқашан естен шығармауы тиіс төрт сағат бар: ұлы әрі даңқты Раббысына мінәжат ететін сағаты, өз-өзіне есеп беретін сағаты, айыбын, кемшілігін бетіне басып, нәпсісі туралы шынайы сөйлейтін достарына баратын сағаты және нәпсісін адал әрі көркем қызықтармен оңаша қалдыратын сағаты».

Хасан Басри былай дейді: «Мүмін адам өз нәпсісінің қожайыны. Алланың разылығы үшін өз-өзінен есеп алып отырады. Осы дүниеде өз-өзіне есеп бергендердің Қиямет күнгі есептері жеңіл болады екен де, керісінше, әрбір істі еш есепсіз, қалай болса солай істейтіндердің Қиямет күніндегі есебі өте ауыр болады екен».

Расында да халық аңызындағы Аяз би секілді әрбір адам баласы бір сәт өз ісіне есеп беріп, нәпсісінің жағдайына баға беріп отырмаса болмайды. Аяз би кедей кезіндегі шоқпыт-шоқпыт шекпенін үйінің жоғары бір жеріне іліп қойыпты. Нәпсісі дандайсып,

шектен шыға бастағанда-ақ сол шекпеніне қарап бұрынғы халін есіне түсіріп: «Аяз би жолыңды біл, құмырсқа әліңді біл», – деп өректіген көңілін сабасына түсіріп, тәубесіне келіп отырады екен.

Үмбетіміздің тарихында талай тақуалар, ғұламалар, ұлы адамдар өз-өздеріне есеп беріп отыруды ғұмырлық дағдыға айналдырған. Олай болмағанның өзінде өзінің мінін бетіне басып айтатын шыншыл адамдармен жолдас болған. Көптеген билікке жеткен әділ әміршілер, байлыққа ие болған ақылды бай-бағландар тақуадар ғалымдарға, би-шешендерге, ақындарға өздерін бірде мақтатып, бірде міндерін айтқызып, даттатып отырған. Ондағы мақсаттары нәпсілерінің жайына қанығу, имани-рухани ахуалын сырт көз арқылы безбендеп, бағамдау. «Сырт көз сыншыл» дегендей, адамның өзі көре алмаған мінін басқа біреу көреді. Сырт көзге сын айттыруы арқылы ақылды адам өз мінін біліп, оны түзетуге тырысады.

Әділдігімен қара қылды қақ жарып Фаруқ атанған Омар ибн Хаттаб (р.а.): «Бізге кемшілігімізді көрсеткен адамға Алла рахым қылсын», – дейді екен.

Әбу Сүлеймен Дарани былай деген екен: «Дүние мен ақыреттегі бүкіл ізгіліктің түп негізі – Алладан қорқу. Дүниенің кілті – тою, ал ақыреттің кілті – аш болу».

Алла Тағала оразамызды қабыл алсын, Құран мен сүннетке сай қайырлы іс қылуды нәсіп етсін.

Сабыр айы

Пайғамбар (с.а.с.) ораза ұстаушыға былайша өсиет еткен: «Ораза күні сендердің ешқайсыларың жаман сөз айтып, даусын көтермесін. Ал егер біреу оны

балағаттаса: «Мен оразамын, мен оразамын», – десін». Яғни ораза ұстаушы қандай жағдайда болмасын оразасын былапыт сөздермен, ұрыс-керіспен ластанмай, сабырлылық танытып, ғибадатын мүлтіксіз түрде орындауы керек. Сонда ғана ғибадаты кәміл болып, Раббының дәрегейінде қабыл болады. Өйткені ораза тек қана ішіп-жемнен тыйылу емес. Сондай-ақ, жаман әдеттерден, дөрекі сөздерден, теріс мінез-құлықтардан арылуы. Ал күнделікті үйреніп қалған дағдылардан, мінез-құлық кемшіліктерінен бірден арылу оңай емес. Ол бірте-бірте орындалатын іс.

Термези таратқан хадисте Пайғамбар (с.а.с.): «Ораза – сабырдың жартысы», – дейді. Десе дегендей, күні бойы ашқұрсақ жүріп, кеңпейілділік қалпын сақтай алу нағыз бекзаттыққа апаратын рухани шынығу.

Жалпы сабыр атаулы шарғи мағынада үшке бөлінеді: Алла Тағаланың құлшылығын орындауда сабыр ету, Алла Тағала тыйым салған нәрселерден тартында сабыр ету және Жаратқанның жазмышына көркем түрде сабыр ету. Мұндағы құлшылық-тағатқа сабыр етудің мағынасы намаз, ораза, зекет, қажылық сияқты парыз амалдарды қандай да бір қиыншылыққа қарамастан, ауа-райының қолайсыздығына, ахуалдың қысылтаяндығына қарамастан көркем сабырмен орындау дегенді білдіреді.

Хақ Тағала Зүмәр сүресінің 10-аятында сондай сабырлы құлдардың сауабын есепсіз беретіндігі жайлы былай дейді: **«Расында, сабырлылар сауаптарын хисап-сыз түрде молынан алады».** Алла Елшісі (с.а.с.): «Бұл ай – сабырлылық айы. Ал сабырдың сыйы – жәннат», – деп ораза айының қайырлы қорытындысымен сүйіншілеген.

Шүкіршілік айы

Мүбәрак рамазан айында ораза тұтушы бұрын мән бермей жүрген көптеген нығметтердің қадірін сезінеді. Ашығып, шөліркеп Жаратқанның ырзық-несібесінің, қара судың қадіріне жетеді. Күні бойы аш құрсақ жүретін жарлы-жақыбайдың жағдайын басынан кешіреді. Бойындағы жанашырлық, бауырмалдық сезімі оянады. Өзінен төменге қарап шүкірлік етеді. Қолда бар мүмкіндіктердің қадірін ұғынады. Оразаның осындай хикметті қырлары бар.

Асылы, Хақ Тағала құлдарының ішінен Өзінің нығметтеріне, ырзық-несібесіне әрдайым шүкір етіп жүретіндерін жақсы көреді. Өйткені Жаратқанның берген ырзығына алғыс білдіру иманның ажырамас бөлігі. Себебі, Алла Тағала Өзіне күпіршіл болмай, шүкіршіл болуға бұйырған: **«Мені естеріңе алыңдар, сонда Мен де сендерді есіме аламын. Маған шүкіршілік етіңдер, күпірлік етпеңдер»** (Бақара, 152).

Раббысы берген өмірге, денсаулығына, материалдық және рухани байлықтарына алғыс білдіріп, лайықты түрде шүкір ету әрбір пенденің міндеті.

Ақиқатында, Алла Тағала құлдарының шүкірлігіне мұқтаж емес, керісінше, пенделер Раббыларының рахымына зәру. Аятта былай делінген: **«Кім шүкірлік етсе, расында ол өзі үшін шүкірлік етеді. Ал кім шүкірсіздік етсе, расында Раббым Бай һәм Жомарт»** (Нәміл, 40).

Алланың Елшісі (с.а.с.) өз үмбетіне нығметке шүкір етудің сырларын анықтан түсіндірі берген.

Суһайбтан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.) былай дейді: *«Мүміннің ісі неткен гажап! Шындығында оның барлық ісі қайырлы. Бұл мүміннен басқаға жазылмаған. Егер оның басында қуаныш болса, Аллаға шүкір етеді де, сонысына сауап-сый алады. Егер оған бір жамандық төнсе, оған сабыр етеді де, онысына да сауап алады. Алланың мұсылманға жазған әрбір тағдыры қайырлы».* (Мүслім риуаят еткен).

Шариғат пайымында шүкіршіл жүрек ең үлкен байлықтардың бірі. Ибн Аббастан (р.а.) жеткен хадисте Алланың Елшісі (с.а.с.): *«Кімге мына төрт нәрсе нәсіп етілсе, оған дүниенің де, ақыреттің де игілігі берілген болады: шүкір етуші жүрек, зікір етуші тіл, сынаққа сабырлы тән және өз нәпсісінде де, жарының малына да еш жамандық қаламайтын әйел»*, – деген. (Бәйһақи риуаят еткен).

Пайғамбардың (с.а.с.) өзі шүкір етуде үмбетіне үлкен үлгі болды. Ол (с.а.с.) түні бойы Раббысына құлшылық қылып, табаны жарылып кеткенше намаз оқитын. Сонда жұбайларының бірі: *«Уа, Алланың Елшісі! Неге олай етесіз? Бұрынғы да, кейінгі де күнәларыңыз кешірілген жоқ па?»* – дегенде, ол (с.а.с.): *«Олай болса, шүкір етуші пенде болуым керек емес пе?»* – деп жауап берген. (Бұхари мен Мүслім риуаят еткен хадис).

Тіршіліктің түрлі кезеңдерінде бастағы бақтың қадірін біліп, шүкір ету нағыз иманды пенденің белгісі. Бірде Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларына шығып: *«Уа, сахабаларым! Қалай тұрдыңдар?»* – деп сұрайды. Сонда сахабалар (р.а.): *«Аллаға мүмін болып тұрдық, уа, Расулалла!»* – деп жауап қайырады. Пайғамбар (с.а.с.): *«Имандарыңның белгісі қандай?»* – деп сұрайды.

Сахабалар (р.а.): «Бәле-жалаға сабырлылық, халімізге шүкіршілік, тағдыр-қазаға разылық танытамыз», – дейді. Сонда Алла Елшісі (с.а.с.): «Олай болса, Қағбаның Иесімен ант етейін, сендер нағыз мүмінсіңдер», – деген екен.

Расында, Алла Тағаланың адамзат үшін көк пен жерден төгіп жатқан нығметтердің саны шексіз. Алла Тағала былай дейді: **«Сондай-ақ, Ол (Алла) сендерге сұрағандарыңның бәрін берді. Егер Алланың нығметтерін есептейтін болсаңдар, санына жете алмайсыңдар. Расында адам өте әділетсіз әрі шүкірсіз»** (Ибраһим, 34).

Сол нығметтердің бірі денсаулық пен бос уақыт. Тәннің саулығын буын сырқырап, сырқаттанғанда ғана білеміз. Әрбір пенденің ең басты қазынасы – өмірі. Ол өмір жолы жылдардан, айлардан, күндерден, сағаттардан, мезеттерден тұрады. Сол уақыттың қадірін біліп, Раббының разылығы үшін мүлтіксіз пайдаланып жатқан пенде кемде-кем. Сондықтан Пайғамбар (с.а.с.) осы айтылған екі нығметтің әрдайым назардан тыс қалатындығын үмбетіне ескертіп: «Адамдардың көбі екі нығметтің қадірін дұрыс білмейді. Олар – денсаулық пен бос уақыт», – деген. (Бұхари, Термези риуаят еткен).

Мұсылман пенде нығметке қуанып, белгілі бір табысқа жеткенде Аллаға шүкіршілігін білдіруі керек. Ол үшін шын ықыласпен «Әлхамдулилләһ» деп айтудың өзі жеткілікті. Рахымдылардың рахымдысы Раббымыз бізді Өзінің нығметтеріне шүкір ететін шүкіршіл пенделерінен қылғай.

Жеңіс айы

Құран Кәрім түскен рамазан айы ғажайыптар мен кереметтерге толы әрі бұл айдың да керемет сырлары таусылмайды. Рамазан айы сабыр мен ғибадаттың, төзімділіктің, нәпсіні тәрбиелеудің айы. Нәпсісін тезге салу арқылы пенде өзінің рухани әрі денелік шама-шарқын, дәрменсіздігін біліп, өзін-өзі таниды. Ал кім өзін-өзі таныса Алланы тануға қадам жасайды. Жұмақ жолы жеңіл емес. Оған Алланың разылығы үшін нәпсісімен күресіп, хақ жолында аянбай күрескендер ғана кіре алады. Осы рамазан айындағы мұрсатты пайдаланған әрбір пенде өзін-өзі жақсы жаққа өзгерте алады. Алла Тағала былай дейді: **«Алла бір қауымды қашан олар өз-өздерін өзгертпейінше өзгертпейді»** (Рағыз, 11).

Ұлық айдың ғажайыптары көп. Бұл айда жасалған әрбір жақсылықтың орны ерекше. Имам Бәйһақи таратқан риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Егер Алланың пенделері осы айдың берекесі мен артықшылығын білсе, рамазан айының жыл бойы болғанын қалар еді», – деп берекелі айдың баға жетпес биік мәртебесін анықтап берген.

Ислам тарихында нақ осы рамазан айында мұсыл-мандар көптеген жеңістерге қол жеткізген. Солардың ең біріншісі Ислам тарихындағы ең алғашқы жеңіс Бәдір шайқасы болатын. Бұл имандылық пен күпірліктің алғаш рет бетпе-бет келген кезі болатын. Бәдір шайқасы Пайғамбар (с.а.с.) Меккеден Мәдинаға көшкеннен кейін екінші жылы рамазан айының екісі күні орын алды. Бұл шайқастың баяны мынадай.

Бәдір шайқасы

Алланың Елшісі (с.а.с.) Мәдина қаласының жанын-дағы керуен жолынан Меккедегі құрайыш тайпасының сауда керуені өтетіндігін біледі. Керуенбасы – құрайыш шонжарларының бірі Әбу Суфиян. Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларына: «Оларға қарсы шығындар, бәлкім, Алла сендерге олжа нәсіп етер», – деп бұйырады.

Алайда Әбу Суфиян мұсылмандардың жоспарларын біліп қалып, Меккедегі құрайыштықтардан қарулы көмек шақыртып алады да, өзі басқа жолмен өтіп кетеді. Сөйтіп, мүшріктер керуені мұсылмандардың құрған торынан сытылып кетеді. Әбу Суфиян аттанар алдында керуенді мұсылмандардан қорғау үшін келген меккелік жасақтарды қайтарып жібереді.

Дегенмен, меккелік мүшріктердің әскербасы Әбу Жәһл Бәдірде той-думандатып, арақ-шарап ішіп, үш күн боламыз деп шешеді. Мақсаты – мұсылмандар мен басқа араб тайпаларына қыр көрсету.

Арада көп уақыт өтпей Мәдинадан Пайғамбар (с.а.с.) бастаған мұсылман әскері шығады. Мұсылман жасағының құрамында 316 жауынгер, 70 түйе, 3 ат болады. Ал мүшріктердің әскерінде 950 жауынгер, 700 түйе, 100 ат бар еді.

Екі әскер жолыққан шақта шайқас басталады. Алла Тағала мұсылмандардың жүректерін орнықтыру үшін көктен көмекші періштелер түсіреді. Ақырында иләһи қолдаудың арқасында мүміндер тобы жеңіске жетеді. Мұсылмандардан

он төрт жауынгер шәһид болады, ал мүшріктерден жетпісі жер жастанып, тағы жетпісі тұтқынға түседі. Осы жолы Алланың дұшпаны Әбу Жәһл мен құрайыш тайпасының кейбір шонжарлары өлім құшады. Алла Тағала бұл оқиға туралы: «**Алла сендерді Бәдірде өте аз болғандарыңда да жеңіске жеткізген еді. Алладан қорқындар, бәлкім, шүкір етерсіңдер**», – деп баяндаған (Әли Имран, 123).

Осы оқиға арқылы мұсылмандар жеңістің әскер мен қару-жарақтың көптігімен емес, тек бір Алланың қалауымен ғана болатындығын жете түсінді. Бұл кейінгі мұсылмандарға да үлкен сабақ болды. Қара қылды қақ жарған әділ халифа Омар ибн Хаттаб (р.а.): «Біз ешкімді күш-қуатпен, қарумен жеңбейміз. Біздің басты қаруымыз – Аллаға деген иманымыз, тақуалығымыз», – деген.

Меккенің ашылуы

Ислам тарихындағы ең үлкен жеңіс Меккенің мұсылмандардың қолына өтуі десек қателеспейміз. Өйткені Қасиетті Мекке қаласының мұсылмандардың қолына өтуі ең шешуші шайқас, ең үлкен жетістік. Осы жеңісі арқылы Алланың Елшісі (с.а.с.) қасиетті қаланы көпқұдайшылдардан азат етіп, пұт тастарынан тазартты. Хижа жыл санауымен 8-жылдың рамазан айының 20-сы күні болған шайқас былай басталған еді.

Меккелік құрайыштармен одақтас Бәкір тайпасы Пайғамбармен (с.а.с.) одақтас Хузаға

тайпасына тұтқиыл-дан шабуыл жасап, жиырма адамын өлтіреді. Бұл шабуыл-да оларға одақтастары құрайыштықтар да жәрдемдеседі. Осыдан кейін Хузаға тайпасының көсемі Амр ибн Сәлим әл-Хузағи Алланың Елшісіне (с.а.с.) барып көмек сұрайды. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): «Саған жәрдем беріледі», – деп уәде етеді. Мұны естіген құрайыштықтар өздерінің үлкен қателік істегендерін түсініп қатты өкінеді.

Пайғамбар (с.а.с.) он мың жауынгерден тұратын әскер дайындап, Меккеге аттанады. Әл-Жахфа деген жерге жеткен кезде алдынан әкесімен туысқан көкесі Аббас шығады.

Пайғамбардың (с.а.с.) Меккеге қарай үлкен қолмен келе жатқанын естіген құрайыштықтарда зәре қалмайды. Құрайыштықтардың көсемі Әбу Суфиян істің алдын алу үшін мұсылман әскерінің алдынан шығады. Жолай Аббас кездеседі. Аббас: «Уа, Әбу Суфиян! Енді сені Пайғамбардан (с.а.с.) ештеңе құтқара алмайды, мұсылман бол», – деп кеңес береді. Әбу Суфиян сол жерде Исламды қабылдап, Меккеге мұсылман әскерінен бұрын барады да: «Уа, халайық! Алланың Елшісі сендерге жер қайысқан қолмен келе жатыр. Кімде-кім өз үйінен шықпаса, оған бас амандығы берілетін болды, кімде-кім Әбу Суфиянның үйінен шықпаса, оған бас амандығы берілетін болды», – деп жар салады.

Пайғамбар (с.а.с.) Меккеге қашырының үстінде тағзым ете кіреді. Осылайша қасиетті қала соғыссыз алынады. Тек Халид ибн Уалидтің жасағына мүшріктер шабуыл жасап, екі мұсылман шәһид болып, жиырма мүшрік өлтіріледі, тағы да екі мың мүшрік тұтқынға алынады. Пайғамбар (с.а.с.)

алдына әкелінген тұтқындарға қарап: «Мен туралы не айтасындар?» – деп сұрайды. Олар: «Сен біздің қадірлі туысымызсың әрі қадірлі ағайынымыздың ұлысың», – деп жауап қатады. Сонда әрдайым кешірімшіл Алланың Елшісі (с.а.с.): «Барындар, сендер азатсындар», – деп талай жылдардан бері өзіне қарсы соғысып келген қас дұшпандарына бас амандығын береді. Осы күні адамдар топ-топ болып Ислам дініне өтеді. Екі мыңдай кісі мұсылман болып, Меккедегі үш жүз алпыс пұт түгелдей қиратылып, Алланың Үйі пұттардан біржола тазартылады. Алла Тағала бұл ұлы жеңіс туралы Насыр сүресінде: **«Егер Алланың көмегі мен жеңісі келгенде адамдардың Алланың дініне топ-топ болып кіргендерін көресің. Сонда Раббыңды пәктеп, кешірім тіле, шындығында, Ол тәубені қабыл алғыш»**, – деген.

Дініміздің тарихында мұсылман жауынгерлерінің рамазан айында қол жеткізген бұдан да басқа жеңістері көп болған. Мысалы, Хижраның 91-жылы рамазан айында мұсылман әскерлері Испанияға кіреді. Ал келесі 92-жылы рамазан айында мұсылман қолбасшысы Тариқ ибн Зияд өзінің аздаған әскерімен Испания королінің мыңдаған әскерін талқандайды.

Хижраның 584-жылы рамазан айында мұсылмандар айбынды қолбасшы Салахуддин Аййубидің басшылығымен Құдыс қаласын крест жорықшыларынан азат етеді.

Хижраның 647-жылы рамазан айында Мысыр мұсылмандары елге басып кірген Франция королі Луидің әскерін талқандап, королдің өзін тұтқынға алады.

Хижраның 658-жылы рамазан айында Бейбарыс бастаған Мысыр мәмлүктерінің әскері Шам

аймағындағы Айн Жалұт деген жерде мұсылман әлеміне лаң салған монғол шапқыншыларын ойсырата жеңіп, алғаш рет бетін қайтарады.

Міне, көне тарихтағы рамазан айында болған жеңістердің бірсыпырасы осындай. Сонымен бірге қазіргі заманымызда да рамазан айында мұсылмандар көптеген жеңістерге жетті. Соның ең бастысы Мысыр әскерінің елге тұтқиылдан басып кірген басқыншыларды жеңуі. Бұл 1973-жылы 6-қазан, мұсылманша рамазан айының оны күні еді. Дұшпандарға әлемдегі алпауыт елдер көмектесті. Соған қарамастан, Алланың қалауымен, көмегімен мұсылман қолы жеңіске жетті.

Мүбәрак ай тарихта осындай жеңістермен айшық-талыпты. Мекке ашылған соң Пайғамбар (с.а.с.) сахаба-ларына: *«Алдымызда ең үлкен жиһад тұр. Ол – нәпсі жиһады»*, – деген екен. Олай болса, Жаратқан Ие баршамызды осы рамазан айындағы жиһадтың ең үлкені нәпсі жиһадында жеңіске жеткізсін!

Ораза тұтушыға өсиет

Енді Алланың Елшісі (с.а.с.) осынау қасиетті де берекелі ай рамазан айында қалай ғибадат қылды, соған оралайық. Айша анамыз (р.а.) былай деп әңгімелейді: *«Алланың Елшісі (с.а.с.) өте жомарт болатын. Ал рамазан айында одан да ерекше жомарттық көрсететін»*. Яғни Пайғамбар (с.а.с.) рамазан айында ғибадатта болсын, садақа беруде болсын, ерекше жомарттық танытатын. Құлшылықта ерекше ижтиһад жасайтын.

Айша анамыз (р.а.): *«Алланың Елшісі (с.а.с.) рамазан айының соңғы онкүндігінде ғибадатты ерекше ыждағаттылықпен орындап, түнін намазбен өткізіп, жаңұясын да намаз оқуға оятатын»* – дейді.

Пайғамбардың (с.а.с.) оразаның қадір-қасиеті туралы айтқан хадистері көп. Оларда осынау парыздың қыр-сырын, дәрежесін тәптіштеп түсіндірген. Солардың бірсыпырасы төмендегідей.

Алланың Елшісі (с.а.с.) бір хадисінде былай дейді: *«Расында, Алла өтірік айтуын доғармаған біреудің ішіп-жемін тоқтатқанына мұқтаж емес»*. (Ахмет, Әбу Дәуіт, Термези риуаят еткен). Ендеше ауызбен қоса тілмен де ораза тұтуымыз қажет.

Ибн Мәже жеткізген басқа бір риуаятта: *«Қаншама ораза тұтушылар бар, олардың бар тапқаны пайдасы – шөлдеу ғана»*, – деп ораза ережелерін дұрыс сақтамаған кейбір адамдардың оразасының қабыл болмауы мүмкін екендігін ескерткен.

Сондықтан ораза ұстаушы мұсылман өзін өсек-аяңнан, өтірік, балағат сөздерден, ұрыс-керістен аулақ ұстауы тиіс. Ондай ортада үндемегеннің өзі сауап іс. Өйткені Пайғамбар (с.а.с.) бір хадисінде: *«Ораза тұтушының үндемеуі Аллаға тәсбих айтқанымен тең»*, – деген. (Бәйһақи риуаят еткен).

Рамазан айы ізгі амалдардың маусымы. Бұл айда орындалатын ораза парызын аса жауапкершілікпен, тақуалықпен тұтпағымыз ләзім. Сонда ғана мойнымыздағы міндетімізді адал атқарып, Алланың разылығына жеткен боламыз. Бұхари мен Мүслимнің

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткізген риуаятында Алланың Елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім Рамазан оразасын шынайы иманмен сауабынан үміт еткен түрде тұтса, оның бұрынғы күнәлары кешіріледі», – деп сүйіншілейді.

Алланың Елшісі (с.а.с.) басқа бір хадисінде таң алдындағы сәрелікті қалдырмауға үндеп былай дейді: «Сәрелік ішіңдер! Расында сәрелік аста құт-береке бар». (Бұхари мен Мүслим риуаят еткен).

Сондай-ақ, Пайғамбар (с.а.с.) жаңа піскен құрмамен ауыз ашқан, егер жаңа піскен құрма болмаған жағдайда құрғақ құрмамен, құрғақ құрма болмаған жағдайда сумен ауыз ашқан әрі басқаларды да солай істеуге үндеген.

Сонымен қатар ораза тұтушы жеке бас тазалығына да мән беруі керек. Айшадан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Ораза тұтушының ең қайырлы қасиеті – аузын мисуакпен тазалауы», – деген. (Ибн Мәже риуаят еткен).

Кімде-кім оразаны себепсіз ұстамаса үлкен күнә жасаған болып есептеледі. *Сахих әт-Таргиб* кітабында риуаят етілген хадисте Пайғамбар (с.а.с.) түс көреді. Онда өздерінің қан тамырларына ілініп, ауыздары тілініп азапталып жатқан адамдарды көреді. Пайғамбар (с.а.с.): «Бұлар кімдер еді?» – деп сұрағанда, періштелер: «Бұлар өздерінің оразаларын бұзған адамдар», – деп жауап береді.

Сондықтан үмбетіміздің кейбір ғұламалары парызекендігін біле тұра ораза тұтпаған мұсылманның күнәсін үлкен күнәға жатқызған.

Ораза тұтушыға берілген бес қасиет

Имам Ахметтің Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткізген риуаятында Алланың Елшісі (с.а.с.) ораза тұтушының ерекше қасиеттері жайында былай дейді: «Менің үмбетіме рамазан айында бұдан бұрын ешбір үмбетке берілмеген бес түрлі қасиет берілді:

1. Ораза тұтушының аузының исі Алланың алдында хош иісті мисктен, сөзсіз, артық болады;

2. Ауыздарын ашқанша періштелер олар үшін Алладан *истигфар* тілеп тұрады;

3. Алла Тағала рамазан айының әрбір күні жәннаттын безендіріп оған: «Менің ізгі құлдарымның ауыртпалықтар мен тауқыметтерден тастап, саған кіретін күні жақын қалды», – дейді;

4. Бұл айда жындардың біразы шынжырланып, басқа айларда істейтін нәрселерін істей алмайды.

5. Ал соңғы түні болғанда олардың (мұсылмандардың) күнәлары кешіріледі».

Сахабалар: «Уа, Расулалла! Ол түн Қадір түні ме?» – деп сұрағанда, Ол (с.а.с.): «Жоқ, жұмысшы да ісін толық бітірген соң өзінің сыйын алмаушы ма еді? Сол сияқты» – деген».

Бейіш қақпасы күтіп тұр

Жұмақта тек ораза ұстағандар ғана кіретін ерекше қақпа бар. Оның ішінде қандай қызықтар бары бір Аллаға ғана аян. Алланың Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Расында, жұмақта ар-Раййан атты қақпа бар. Қиямет күні одан ораза тұтушылар ғана кіріп өтеді де, олардан басқа ешкім кіргізілмейді. Олар кіріп болған кезде ол қақпа жабылады». (Бұхари риуаяты). Раййан қақпасынан кіруіміз үшін рамазандағы оразаны лайықты түрде орындауымыз қажет.

§2 ОРАЗА ҮКІМДЕРІ

С: Рамазан айының кіргенін қалай білеміз?

Ж: Рамазан айын белгілеу алдын ала басталады. Арнайы мамандар, қазылар айдың қозғалысын жіті бақылап, рамазанның алдындағы шағбан айын қадағалайды. Шағбан айының жиырма тоғызыншы күні кешке рамазан айының тууын күтеді. Егер оны ешбір мұсылман көрмесе, шағбан айын отыз күнге толтырады да, рамазан айы кіреді. Алланың Елшісі (с.а.с.): «*Оразаны жаңа туған айды көріп тұтыңдар да, жаңа туған айды көріп аяқтаңдар. Ал егер ай көрінбесе отыз күнге толтырыңдар*», – деген.

С: Ислам дініндегі оразаның үкімі қандай?

Ж: Рамазан айында ораза тұту балиғат жасына толған, ақыл-есі түзу, дені сау әрбір ер және әйел мұсылманға парыз. Алла Тағала Құран Кәрімде: «**Әй, мүміндер! Сендерге бұрынғыларға парыз қылғандай ораза парыз қылынды. Әрине сақтанарсыңдар**», – деген. (Бақара, 183). Рамазан айынан басқа уақытта тұтылған ораза ерікті болып есептеледі. Мұнан өзге тұтуға міндетті ораза түріне нәзір етіп, бірақ уақытында тұта алмаған ерікті оразаның қазасы ғана жатады. Ораза араб тілінде *саум* деп аталады.

С: *Саум* яки ораза сөзінің анықтамасы қандай?

Ж: *Саум* араб тілінде барлық нәрседен тыйылу деген мағынаны білдіреді. Ал шарифаттағы мағынасы таң атқаннан күн батқанға дейін ораза ниетімен ішуден, жеуден және төсек қатынасынан тыйылу.

С: Рамазан айында кімге ораза тұтпауға рұқсат етіледі?

Ж: Алыс жолға шыққан жолаушыға, ораза ұстаса ауруы асқынып кететін науқасқа рамазан айында ораза тұтпаса болады. Бірақ кейін қазасын өтейді. Ораза көп зарар бермейтін жолаушыға ораза тұту абзал.

С: Жағдайларына байланысты ораза тұта алмаған жолаушы немесе науқас қайтыс болып кетсе, сол ораза мойнында қарыз болады ма?

Ж: Жоқ, қарыз болмайды.

С: Жолаушы еліне қайтса немесе науқас айықса, оразаларының қазаларын тұтулары керек пе?

Ж: Иә, тұтуға міндетті.

С: Рамазан айында жолаушы мен науқастан басқа адамға ораза тұтпауға рұқсат жоқ па?

Ж: Екіқабат әйел мен емізулі баласы бар әйелдер өздерінің, балаларының денсаулығы үшін қауіптенсе, ораза тұтпауларына болады. Бірақ кейін қазасын өтеулері парыз.

С: Кімге ораза тұтуға рұқсат етілмейді?

Ж: Етеккірі келген әйел мен босанғаннан кейін қан көрген әйел ораза тұтпайды. Өйткені етеккір мен нифас қаны ораза тұтуға кедергі болады.

С: Олар рамазаннан кейін қазаларын тұта ма?

Ж: Иә, ораза тұтпаған күндерінің қазасын өтеуі міндетті.

С: Ораза тұтпай, қазасын да өтемей, оның орнына фидия беруге бола ма?

Ж: Тек әбден қартайған кісілерге, ораза ұстаса денсаулығына зияны тиетін жазылмас дерті бар науқастарға ораза тұтпай, орнына фидия берулеріне болады.

С: Сапарда не ауруы болуы себепті оразаны

уақы-тында тұта алмай, рамазан айынан кейін де уақыты бола тұра тұтпаған адамға ажал төнсе не істеуі керек?

Ж: Алладан кешірім тілеп, тәубе жасауы керек. Артында қалған ұрпақтарына тұтпаған оразасы үшін әр күніне бір міскінді жарты сағ бидай (1,625 кг) немесе бір сағ (3,25 кг) құрма немесе арпамен тамақтандыруды өсиет етеді.

С: Рамазан айы кезінде балиғатқа толған бала немесе мұсылман болған адам не істеуі қажет?

Ж: Олар оразаның қалған күндерін тұтады.

С: Мұсылман болған күнінің немесе балиғатқа толған күнінің қазасын тұтуы керек пе?

Ж: Ол күннің қазасын тұту шарт емес.

С: Рамазан айында есінен танған адамның үкімі қандай?

Ж: Рамазан айында ораза тұтуға ниет етіп, күндіз есі ауса бұл күннің қазасын өтеу парыз емес. Есінен тануы көпке созылса айыққан соң кейінгі күндердің қазаларын өтейді.

С: Рамазан айында жыңды адамның ақылы кірсе не істейді?

Ж: Қалғанын тұтып, өткен күндерінің қазасын өтейді.

С: Рамазан айында күндізгі мезгілде оразаға ниет-тенбеген жолаушы оқыс үйіне оралса немесе етеккірі бар әйелдің етеккірі тоқтаса не істейді?

Ж: Бұл рамазан айының құрметі үшін сол күннің қалған бөлігін тұтады.

Оразаға ниет ету

С: Ораза тұту үшін ниет керек екен. Ол ниет қалай болуы тиіс?

Ж: Пәлен күні Алла үшін ораза тұтамын деп жүрегімен шешім қабылдауды ниет деп атайды. Оразаның өзі бірнеше түрге бөлінеді:

1. Парыз ораза, яғни рамазан айының оразасы.
2. Уақыты белгіленген тұтуға серт берілген ораза.
3. Уақыты белгіленбей жалпы серт етілген ораза.
4. Рамазан айының қазасы.
5. Бұзылған нәпіл оразаның уәжіп болған қазасы.
6. Кәффарат (өтем) оразасы.
7. Нәпіл ораза.

Рамазан айы және уақыты белгіленген нәзір оразасы мен ерікті оразаларға түннен бастап ниет етуге болады. Бірақ шарт емес. Түске дейін ниет етсе де болады. Ал рамазан оразасының қазасы, уақыты белгіленбей, жалпы серттелінген ораза, кәффарат, бұзылған нәпіл оразаның қазасы сияқты ораза түрлеріне түннен ниет етілуі қажет.

С: Қажылық пен ұмраны бірге жасаушыға міндет-телген ораза ниеті қалай алынады?

Ж: Басқа да кәффарат оразалар секілді түннен бастап ниет етеді.

С: Нәпіл ораза бұзылса қаза қалай өтеледі?

Ж: Ерікті ораза ұстаушы іс-әрекетті бастамастан бұрын өзіне өзі ие. Ал егер бір істі, нәпілді бастаса аяқтауы уәжіп болады. Сондықтан нәпіл оразасын

бұзса қазасын өтеуі тиіс. Бұл тұрғыда нәпіл ораза, нәпіл намаз, нәпіл қажылық, нәпіл ұмра – бәрінің үкімдері бірдей.

Оразаны бұзу және оның өтемі

С: Оразаны қандай нәрселер бұзады?

Ж: Әйелін сүюден немесе жанасудан, жалаң жақындасудың денеден шәһуат шықса не тас, темір, дән жұтып қойса, не укол салса, яки мұрнына не құлағына дәрі тамызса, асқазанына немесе көзінің қарашығына дәрі жасап, ішіне жетсе немесе сиқырға ұшырап таң атпаған деп ойлап, не күн батты деп ойлап, тамақ ішіп, кейін олай болмағанын білсе – осы жағдайларда қазасын тұтады, кәффарат-өтемін өтемейді.

С: Еріксіз немесе өзін-өзі күштеп құсса оразасы бұзыла ма?

Ж: Еріксіз құсса бұзылмайды, өзі-өзі күштеп ауыз толтыра құсса бұзылады, қазасын өтеуі керек.

С: Қазасы мен кәффаратын-өтемін өтеу қашан міндетті болады?

Ж: Рамазан айы күндіз, ораза кезінде біле тұра, әдейі төсек қатынасын жасаса, тамақ жесе немесе дәрі ішсе, оразасы бұзылады, қазасын тұтып, кәффаратын, яғни өтемін орындауы міндетті болады.

С: Кәффарат деген не?

Ж: Бір құлды азат ету немесе екі ай бойы үздіксіз ораза тұту. Бұл екі айда рамазан мен ораза тыйым салынған күндер болмауы керек.

С: Рамазан оразасынан басқа ораза түрін бұзса кәффарат бар ма?

Ж: Рамазан айынан басқа оразаны бұзса кәффарат жоқ. Тіпті, оразасы рамазан айының қазасы болса да.

Оразаны бұзбайтын нәрселер

С: Ораза тұтушының басында болатын, бірақ оразаны бұзбайтын жағдайлар қандай?

Ж: Ораза тұтушы ұмытқан күйде тамақ жесе, не ішсе, оразасы бұзылмайды. Сондай-ақ, ұйықтап жатып жүніп болса, әйеліне қарап денесінен шәһуат шықса, денесіне май жақса, қан алдырса немесе сүрме жақса, сүйіссе, бірақ шәһуат шықпаса, оразасы бұзылмайды.

Оразаның мәкруһтері

С: Оразаның мәкруһтері қандай?

Ж: Оразада сүйісу, тағамның дәмін татып көру, сағыз шайнау, мисуактан басқа щетка сияқты нәрселермен тістерін тазалау мәкруһ істерге жатады. Әйелге жас баласына тамақ шайнап беруі мәкруһ. Баласын тамақтандырудың басқа лажын таппаса солай істеуіне болады. Сондай-ақ, ораза кезінде былапыт сөз, өтірік айту, әдепсіз іс жасау мәкруһ. Оразасын сақтау үшін ондай істерден бойын тартуы тиіс.

Оразаның қазасы

С: Рамазан айының қазасын үздіксіз түрде тұту керек пе?

Ж: Үздіксіз тұту шарт емес. Қаласа бөліп, қаласа үздіксіз жалғастырып тұтады.

С: Келесі рамазан айы келгенше кешіктірсе не істейді?

Ж: Бірінші келіп тұрған рамазан оразасын тұтады. Бұл рамазаннан соң алдыңғы рамазанның оразасының қазасын тұтады. Кешіктіргені үшін айып төлемейді.

С: Рамазан айының қазасын өтей алмай ажалы таяп, өлер шағында артындағыларға қалған малынан фидия беруді өсиет етсе, артында қалғандар не істеу керек?

Ж: Бұл өсиет марқұмның мал-мүлкінің үштен бірінен жұмсалады. Рамазан айының оразасы үшін марқұмның мұрагері әрбір күнге бір міскінді жарты сағ (1,625кг) болатын бидай не бір сағ (3,25кг) болатын арпа не құрмамен немесе сол бағадағы басқа тағаммен тамақтандыруы керек.

Нәпіл ораза

С: Рамазан оразасынан басқа ораза түрі бар ма?

Ж: Рамазан айының оразасы әрбір мұсылманға парыз. Одан басқа оразалар ерікті оразаға жатады. Егер тұтса Алла Тағаладан мол сауап алады.

С: Ерікті оразаны тұтуға болмайтын күндер бар ма?

Ж: Иә, жылдың бес күнінде ораза тұтуға тыйым салынған. Олар төмендегідей:

Ораза айты күні.

Құрбан айт күні.

Тәшриқ күндер (Құрбан айтынан кейінгі үш күн). Барлығы бес күн.

С: Ерікті оразалардың бір-бірінен артықшылықтары бар ма?

Ж: Иә, кейбір күндерде ерікті ораза тұтудың артық-шылықтары туралы айтылған хадистер бар. Алла Елшісі (с.а.с.) дүйсенбі және бейсенбі күндері ораза тұтатын болған. Әбу Һурайра (р.а.) жеткізген хадисте Пайғамбар (с.а.с.) былай дейді: *«Дүйсенбі, бейсенбі күндері амалдар жоғары көтеріледі, мен амалымның көрсетілген қалап, ораза тұтамын»*. Басқа хадисте Пайғамбарымыздың (с.а.с.) әрбір һижра айының он үшін, он төрті және он бесі күндері үйде болсын, түзде болсын ораза тұтқаны туралы айтылған. Әбу Қатада (р.а.) жеткізген риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): *«Арафа күнінің оразасы үшін Алла Тағаладан Арафадан алдыңғы және кейінгі жылдардың күнә-қателіктерінің кешірілуін сұраймын. Ашура күні тұтылған ораза үшін осы күннен алдыңғы жылдың күнә-қателіктерін кешіруін тілеймін»*, – деген. Әбу Аййуб әл-Ансариден (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): *«Кімде-кім рамазан оразасы тұтып, одан кейінгі шәууал айынан алты күн тұтса, мәңгілік ораза тұтқанмен тең»*, – деген. (Мүслім риуаят еткен).

Тарауық намазы

С: Рамазан айында парыз және сүннет намаздарға қосымша оқылатын намаз бар ма?

Ж: Бұхари мен Мүслімнің Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткізген риуаятында Алланың Елшісі (с.а.с.): *«Кімде-кім рамазан айында шынайы иманмен сауабынан үміт еткен түрде намаз оқыса, оның бұрынғы күналары кешіріледі»*, – деген. Бұл хадистен рамазан айында

әдеттегі намаздарға қосымша оқылатын намаз түрі бар екенін аңғаруға болады.

С: Рамазан айының түндерінде оқылатын бұл намаздар қалай оқылады?

Ж: Имам құптан намазынан соң жамағатпен жиырма рәкәғат намаз оқиды. Әрбір екі рәкәғатта сәлем беріп, бес тәруиха, яғни үзіліс демалыс жасайды.

С: Бұл бес тәруиханы қалай жасайды?

Ж: Әрбір төрт рәкәғаттан соң жасалады. Имам аз-кем тәруиха жасап отырады. «Тәруиха» сөзі аздаған демалыс дегенді білдіреді. Көпше түрі тарауих. Бұл намаздың тарауық аталуының себебі осыдан.

С: Бұл намазды әйелдерге де оқу сүннет пе?

Ж: Иә. Рамазан айында құптан намазынан кейін ерлерге де, әйелдерге де тарауық намазын оқу бекітілген сүннет. Ерлер мешітте жамағатпен оқыса, әйелдердің өз үйлерінде оқығандары абзал.

С: Ерлер үшін тарауықты жамағатпен оқудың үкімі қандай?

Ж: Оның үкімі – сүннет муәккада. Тарауықты оқымаған мешіт жамағаты бекітілген сүннетті тәрк еткендері үшін түгел күнәһар болады.

С: Рамазан айында үтір намазы оқыла ма?

Ж: Иә, үтір намазы тарауық намазы аяқталған соң жамағатпен оқылады. Имам үтір намазының үш рәкәғатын да дауыстап оқиды да, құныт дұғасын ішінен оқиды.

С: Үтір намазын рамазан айынан басқа уақытта жамағатпен оқуға бола ма?

Ж: Жоқ. Рамазаннан басқа уақытта жамағатпен оқылмайды.

С: Тарауық намазының арасында тәсбих айтыла ма?

Ж: Иә, тарауық намазының арасында айтылатын тәсбихтер бар. Ханафи мазһабы бойынша әрбір тәруихада мынадай тәсбих айтылады: «*Субхаанә зил-мулки уал-мәләкуут, Субхаанә зил-‘биззәти уал-‘базамати уал-қудрати, уал-кибриә’и уал-джәбаруут, Субхаанәл-мәликил-хәйилләзи ләә йәмуут, Суббуухун, Қуддуусун, Раббунәә уә Раббул-мәләә’икәти уар-руух, Ләә иләһә иллаллаһ, уә нәстәғфирукаллаһ, Нәс’әлүкәл-джәнна уә нәбуузу бикә минән-наар*»

Иғтикәф

С: *Иғтикәф* деген не? Үкімі қандай?

Ж: *Иғтикәф* дегеніміз арнайы құлшылық ету ниетімен мешітте қалу. Рамазан айының соңғы онкүндігінде орындау бекітілген сүннет. *Иғтикәф* жалпы жамағат үшін кифая сүннет. Егер бір мешіттің жамағатынан бір кісі орындаса қалғанының мойындарынан түседі. Ал егер ешкім орындамаса барлығы муәккәдә сүннетті орындамаған болып есептеледі.

С: *Иғтикәф*те не істеледі?

Ж: *Иғтикәф*те қосымша нәпіл намаздар орындап, Құран оқып, зікір-дұғалар айтады. Рамазаннан басқа кезде жасаса да, ораза тұтады.

С: Рамазан айынан басқа уақытта орындаса бола ма?

Ж: Иә, басқа уақытта *иғтикәф* мұстахаб әрі уәжіп іс. Ең азы бір сағат, яғни мешітке намаз оқуға кіргенде *иғтикәф*ке ниет етсе, мешіттен шыққанша *иғтикәф* жасаушы болып есептеледі.

С: Иғтикәф қашан уәжіп болады?

Ж: Иғтикәф етуге нәзір еткен адамға қашан сол нәзірін (сертін) орындағанша иғтикәф ету уәжіп болады.

С: Бірнеше күн иғтикәф жасау ниетіне сол күндердің түндері кіре ме?

Ж: Иә, түндерімен қоса иғтикәф жасау керек. Аралары үздіксіз, бірінен соң бірі болуы шарт.

С: Нәзір қылынған иғтикәфте ораза тұту да шарт па?

Ж: Иә, ораза тұту шарт.

С: Иғтикәф жасаушыға не істеуге болмайды?

Ж: Иғтикәф жасаушыға төсек қатынасын жасауға, сүйісуге, жанасауға болмайды. Түнде немесе күндіз ұмытып, не біліп тұрып төсек қатынасын жасаса немесе сүйісіп, не денесі тиіп, денесінен ұрық шықса иғтикәфі бұзылады. Қазасын өтеу керек.

С: Иғтикәф етушіге мешіттен шығуына бола ма?

Ж: Мешіттен әжетханаға бару сияқты зәру қажет-тіліктерден басқа нәрселер үшін шықпайды. Үзірсіз бір сағатқа шықса Әбу Ханифаның пікірінше бұзылады. Ал Әбу Юсуф пен Мұхаммед шыққан уақытты жарты күннен аз болса бұзылмайды деген.

С: Иғтикәфін жұма намазы оқылмайтын кішкентай мешітте жасаса жұма намазын қалай оқиды?

Ж: Жұма оқылатын мешітке барып оқып, иғтикәфіне қайта оралады.

С: Иғтикәф жасаушыға не істеуге болады?

Ж: Оған мешітте ішуіне, жеуіне, ұйықтауына болады. Мешіттің ішінде отырып, тауарды әкелмей сауда істерін басқаруына болады.

С: Кейбір иғтикәф жасаушылардың сөйлемей жүргендерін көреміз. Сөйлеу иғтикәфке керағар нәрсе

деп ойлайтындар да бар. Бұл жөнінде ғұламалар не дейді?

Ж: Иғтикәф кезінде сөйлеуге, жақсы сөз айтуға болады. Ал жаман сөз сөйлеуге қай уақытта да тыйым салынғаны белгілі. Иғтикәфтың шарты екен деп ойлап үндемей отыру мәкруһ.

Пітір садақасы

С: Пітір садақасының үкімі қандай?

Ж: Пітір садақасы баспанасы, жиһаздары, көлігі, құралдары мен киер киімінен бөлек артық мал-мүлкі бар кез келген азат мұсылманға уәжіп.

С: Пітір садақасын кімдердің атынан шығарады?

Ж: Өзінің, жас балаларының, кәпір болса да қызметші құлдарының атынан шығарады.

С: Жас баласының өзіне тиесілі мал-мүлкі болса әкесі пітір садақасын соның есебінен шығара ма, әлде өз малынан шығара ма?

Ж: Баланың мал-мүлкі болса содан шығарады. Ал болмаса әкесі өзінің малынан шығарады.

С: Әйел мен балаларының атынан пітір садақасын беруге бола ма?

Ж: Әрқайсысы өзі бергені дұрыс. Алайда барлығының атынан отағасы берсе болады.

С: Пітір садақасын қашан беру керек?

Ж: Пітір садақасын беру рамазан айы басталғаннан берсе болады. Бірақ ораза айтының бірінші күні таң атқаннан бастап беру уәжіп іс. Сол уақыттан бұрын қайтыс болған кісі үшін пітір садақасын беру міндетті емес. Сол сияқты таң атқанда иман келтірген

адам үшін немесе таң атқан соң туған бала үшін пітір садақасын беру де уәжіп емес.

С: Пітір садақасын қай уақытта беру мұстахаб?

Ж: Айт намазын оқуға шығардан бұрын таңертең беру мұстахаб

С: Айт күнінен бұрын берсе бола ма?

Ж: Айт күнінен бұрын берсе де болады.

С: Ал айт күнінен кейінге кешіктірсе ше?

Ж: Айт күнінен кешіктірсе қашан өтегенше мойнынан түспейді.

С: Пітір садақасын кімге берген дұрыс?

Ж: Пітір садақасын пақырға, міскінге беруге болады.

Ж: Пітір садақасын берудегі мақсат не?

Ж: Әбу Дәуіттің риуаят етуінше Абдулла ибн Аббас: «Алланың Елшісі (с.а.с.) пітір садақасын беруді рамазан айындағы ораза кезінде жіберілген қателіктерді тазарту үшін әрі міскіндерге бір той болу үшін міндеттеген», – деп түсіндірген.

С: Пітір садақасының мөлшері қанша?

Ж: Пітір садақасының мөлшері бидайдан жарты сағ (1,625кг) және құрма, мейіз, арпадан бір сағ (3,25кг).

С: Бұл заттардан басқа нәрселермен, күрішпен, жүгерімен немесе ақшалай беруге бола ма?

Ж: Аталған мөлшердегі бидайдың құнындай ақшаны пітір садақасын шығару ниетімен берсе болады.

С: Сақтың мөлшері қанша?

Ж: Әбу Ханифаның айтуынша бір сағ сегіз ирак ратлына тең. Ал Әбу Юсуф бір сағ 5,3 ратл (2,15кг) деген.

Қайырлы істен қалыс қалма

Қайсыбір мұсылманға осынау құтты айдағы қайырлы істерден қапы қалуға болмайды. Сол игілікті істердің бастылары төмендегідей.

1. Оразаны шынайы ықыласпен лайықты түрде тұту.

2. Тарауық және тәһәжүд намаздарын оқу.

3. Құранды қайталап оқу.

4. Садақа беру.

5. Ауыз ашар жасау.

6. Ауызашарда дұға-тілек тілеу.

7. Мешітте игтикәфке қалу.

8. Қадір түнін құлшылықпен өткізу.

9. Ата-ананы қадірлеу.

10. Соңғы онкүндікте ерекше ықыласпен құлшылық ету.

11. Сәреге тұрып, тамақтану.

12. Ауызашарды уақытынан кешіктірмеу.

13. Кеңпейіл болып, надандықтан алыстау.

14. Ұдайы дәретпен жүру.

15. Азан айтылса, қайталап, дұғасын оқу.

16. Күнделікті бес намазды уақытылы орындау.

17. Сүннет намаздарды тастамау.

18. Алла Тағаланы көп зікір ету.

19. Сәскедегі нәпіл намазды орындау.

20. Намаздардан кейінгі тәсбих, дұғаларды айту.

21. Әрдайым истиғфар дұғасын айту.

22. Күнә-қателіктерге тәубе жасау.

23. Жетім-жесірге қарайласу.

24. Тәкаппарлықтан тартыну.

25. Адамдардың арасын жарастыру.

26. Туыстық қатынасты үзбеу.

27. Мұсылмандарға сәлем беру.

28. Ұмраға бару. Пайғамбар (с.а.с.): «Рамазанда жасалынған ұмраның сауабы қажылықпен тең», – деген.

29. Пітір садақасын беру.

30. Ораза айтына лайықты дайындалу.

Ораза дұғалары

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو بْنِ الْعَاصِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «إِنَّ لِلصَّائِمِ عِنْدَ فِطْرِهِ لِدَعْوَةٍ مَا تُرَدُّ». رَوَاهُ ابْنُ مَاجَه.

Абдулла ибн Омардан (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Ораза тұтушының ауыз ашардағы дұғасы қабыл алынбай қалмайды», – деген. (Ибн Мәже риуаят еткен).

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «ثَلَاثَةٌ لَا تُرَدُّ دَعْوَتُهُنَّ الْإِمَامُ الْعَادِلُ وَالصَّائِمُ حِينَ يُفْطِرُ وَدَعْوَةُ الْمَظْلُومِ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Үш адамның дұғасы қабыл болады: әділ

имам, ораза тұтушының ауыз ашардағы дұғасы және нақақтан қиянат шеккен жанның дұғасы», – деген. Термези риуаят еткен.

Рамазан айын көргенде

كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا رَأَى الْهَلَالَ فِي رَمَضَانَ وَفِي غَيْرِهِ يَقُولُ: «اللَّهُمَّ أَهْلُهُ عَلَيْنَا بِالْإِيمَانِ وَالسَّلَامَةِ وَالْإِسْلَامِ، رَبِّي وَرَبُّكَ اللَّهُ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ وَأَحْمَدُ.

Пайғамбар (с.а.с.) рамазан айында, басқа айларда жаңа туған айды көргенде: «Уа, Алла! Осы айды бізге берекелі әрі имани ай ет, саламатты әрі ислами ай ет! Менің де сенің де Раббың бір Алла!» – дейтін болған. Термези, Ахмет риуаят еткен.

Оқылуы: «Аллаһумма әһилләһу ғәләйнә бил-йумни уал-имәән, уа-сәләәмәти уал-исләәм! Раббии уа Раббука Аллаһ!»

عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا اسْتَهَلَ شَهْرَ رَمَضَانَ اسْتَقْبَلَهُ بِوَجْهِهِ، ثُمَّ يَقُولُ: «اللَّهُمَّ أَهْلُهُ عَلَيْنَا بِالْأَمْنِ وَالْإِيمَانِ، وَالسَّلَامَةِ وَالْإِسْلَامِ، وَالْعَافِيَةِ الْمُجَلَّلَةِ، وَدِفَاعِ الْأَسْقَامِ، وَالْعَوْنِ عَلَى الصَّلَاةِ وَالصِّيَامِ وَتِلَاوَةِ الْقُرْآنِ، اللَّهُمَّ سَلِّمْنَا لِرَمَضَانَ، وَسَلِّمْنَا لَنَا». رَوَاهُ ابْنُ حَبَّانَ، وَالطَّبْرَانِيُّ.

Ибн Омардан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.) рамазан айының туғанын көргенде оған жүзін бұрып: «*Уа, Алла! Осы айды бізге қауіпсіз әрі имани, саламатты әрі ислами, түгел есендікті, аурулардан қорғанышты ет! Намазға, оразаға, Құран оқуға жәрдемші ет! Уа, Алла! Бізді рамазанға аман-сау ет әрі оны бізге саламатты ет*», – дейтін болған. Ибн Хиббан, Табарани риуаят еткен.

Оқылуы: «*Аллаһумма әһилләһу ғәләйнәә бил-әмни уал-һимән, уа-сәләәмәти уал-исләәм, уал-ғаафиәтил-мужәлләлә, уа дифғәбил-әсқаам, уал-ғауни ғәләс-саләәти уас-сыйһаам, уа тиләәүәтил-қур'ән. Аллаһумма, сәллимнәә лирамадаан, уа сәллимһу ләнәә*».

Рамазан оразасының ниеті

اللَّهُمَّ إِنِّي نَوَيْتُ أَنْ أَصُومَ شَهْرَ رَمَضَانَ كَامِلًا لَوْجِهَكَ الْكَرِيمِ إِيمَانًا
وَاحْتِسَابًا، اللَّهُمَّ فَتَقَبَّلْهُ مِنِّي وَاغْفِرْ لِي فِيهِ وَبَارِكْ لِي فِيهِ

Оқылуы: «*Аллаһумма инни нәуәйтү ән асуумә рамадаана кәәмилән лиуаджһикәл-кәриим, һимәнән уахтисәәбән. Аллаһумма фатақаббәлһу минни уағфирли фиһ, уа бәәрик ли фиһ*».

Мағынасы: «*Уа, Алла! Мен осы рамазан айында Өзіңнің разылығың үшін имани әрі сауабынан үміт еткен түрде ораза тұтуға ниет еттім. Уа, Алла! Оразамды қабыл ал күнәларымды кешір әрі оразамның берекесін бер!*»

Ауыз ашар дұғасы

اللَّهُمَّ لَكَ صُؤْمْتُ وَعَلَى رِزْقِكَ أَفْطَرْتُ، ذَهَبَ الظَّمَأُ وَأَبْتَلَّتِ العُرُوقُ
وَوَبَّتَ الأَجْرُ إِنْ شَاءَ اللهُ

Оқылуы: «*Аллаһумма ләкә сүмту уа ғәлә ризқикә афтарту, зәһәбәз-зама уабтәлләл-ғурууқ, уа сәбәтәл-әджру, иншаллаһ*».

Мағынасы: «*Уа, Алла! Сен үшін ораза тұттым әрі ырзығыңмен ауыз аштым. Шөл кетті, тамырлар суланды, иншалла, сауабы да жазылды*».

الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي أَحَانَنِي فَصُؤْمْتُ وَرَزَقَنِي فَأَفْطَرْتُ، اللَّهُمَّ بَارِكْ لَنَا فِيمَا
رَزَقْتَنَا وَقَنَا عَذَابَ النَّارِ

Оқылуы: «*Әлхамдулилләәһилләзии ғаһанәнии фасум-ту, уа разақани фаафтарту, Аллаһумма бәәрик ләнәә фиһмәә разақтәнәә уа қинәә әзәбән-наар*».

Мағынасы: «*Аллаға мадақ, маған медет берді, ораза тұттым, ырзық берді ауымды аштым. Уа, Алла! Бізге берген ырзығыңның берекесін бер, тозақ азабынан сақтай гөр!*»

Ауыз ашар жасаған кісіге тілек

أَفْطَرَ عِنْدَكُمْ الصَّائِمُونَ، وَأَكَلَ طَعَامَكُمْ الأَبْرَارُ وَصَلَّتْ عَلَيْكُمْ
المَلَائِكَةُ

Оқылуы: «Афтара индаукумум-сааимун уа ажал таъаамәкумум-әбраар, уа саллат ғаләйкумум-маләә'икә».

Мағынасы: «Сіздерден ораза тұтушылар ауыз ашты, тағамдарыңызды ізгі құлдар жеді әрі сіздерге періштелер дұға қылды»

اللَّهُمَّ أَطْعِمْ مَنْ أَطْعَمَنَا وَاسْقِ مَنْ سَقَانَا

Оқылуы: «Аллаһумма атғим мән атғаманәә уасқи мән сәқаанәә».

Мағынасы: «Уа, Алла! Бізге тағам бергенге тағам бер, сусын бергенге сусын бер»

Тарауық намазының тәсбихы

سُبْحَانَ ذِي الْمَلِكِ وَالْمَلَكُوتِ، سُبْحَانَ ذِي الْعِزَّةِ وَالْعِظْمَةِ وَالْقُدْرَةِ
وَالْكِبْرِيَاءِ وَالْجَبْرُوتِ، سُبْحَانَ الْمَلِكِ الْحَيِّ الَّذِي لَا يَمُوتُ، سُبُّوحٌ،
قُدُّوسٌ، رَبُّنَا وَرَبُّ الْمَلَائِكَةِ وَالرُّوحِ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَنَسْتَغْفِرُ اللَّهَ،
نَسْأَلُكَ الْجَنَّةَ وَنَعُوذُ بِكَ مِنَ النَّارِ

Оқылуы: Субхаанә зил-мулки уал-мәләкуут,
Субхаанә зил-ғыззәти уал-ғазамати уал-қудрати,
уал-кибриәә'и уал-джабәруут,
Субхаанал-маликил-хәйилләзи ләә йәмуут,
Суббуухун, Қуддуусун, Раббунәә уа Раббул-
мәләә'икәти уар-руух,
Ләә иләһә иллаллаһ, уа нәстәғфирукаллаһ,
Нәс'әлуқәл-дженна уа нәбуузу бикә минән-наар!
Мағынасы: «Ұлы биліктің және патшалықтың

Иесі Алла Пәк! Даңқтың, ұлылықтың, құдіреттің, үстемдіктің және ұлы күш-қуаттың Иесі Алла Пәк! Мәңгі өлмейтін Тірі Патша! Алла Пәк! Аса Пәк, Аса Қасиетті, Раббымыз және періштелер мен Жебірейілдің Раббысы! Алладан басқа құдай жоқ! Алладан кешірім тілейміз! Раббымыз! Өзіңнен жәннатты сұраймыз, Өзіңнің атыңмен тозақтан сақтанамыз!».

Тарауық намазынан кейін оқылатын дұға

اللَّهُمَّ صَلِّ وَسَلِّمْ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ وَسَلِّمْ، اللَّهُمَّ زَيْنًا بَرِيئَةً
الْإِيمَانِ وَشَرَفًا بِصِيَامِ شَهْرِ رَمَضَانَ، وَأَرْزُقْنَا الْجَنَّةَ وَالْغُفْرَانَ، وَتَقَبَّلْ مِنَّا
تَرَاوِيحَنَا يَا سُبْحَانَ، وَاسْتَجِبْ دُعَائَنَا يَا حَنَّانَ، بِفَضْلِكَ وَكَرَمِكَ يَا
مَنَّانَ، بِرَحْمَتِكَ يَا أَرْحَمَ الرَّاحِمِينَ

Оқылуы: «Аллаһумма салли уа саллим ғалә Мұхаммад уа ғалә әәли Мұхаммад, Аллаһумма зәййиннәә бизиинәтил-иимәән, уа шәррифнәә бисыями рамадаан, уарзуқнәл-дженнәтә уал-ғуфраан, уа тақаббал миннәә тәрәәуиихәнә йәә Субхән, уастәджиб дугәә'әнә йәә Хәннән, бифадликә, уа кәрәмикә йәә Мәннән, бирахматикә йәә архамар-раахимиин».

Мағынасы: «Уа, Алла! Мұхаммедке және Мұхам-медтің әулетіне салауаттың мен сәлеміңді жолда. Уа, Алла! Бізді иманның әшекейімен безендір, рамазан айының оразасымен абыройлы ет, жұмақ пен кешірімге жеткіз. Біздің тарауық намазымызды қабыл

ал уа, Субхан, дұғаларымызды қабыл ал уа, мейірімді Ханнан! Кеңшілігіңмен және жомарттығыңмен, уа, Мәннан! Рахымың арқылы, уа, рахымдылардың Ең рахымдысы!»

Ерікті оразаның ерекшелігі

عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَنْ صَامَ يَوْمًا فِي سَبِيلِ اللَّهِ بَعَدَ اللَّهُ وَجْهَهُ عَنِ النَّارِ سَبْعِينَ خَرِيفًا». مُتَّفَقٌ عَلَيْهِ.

Әбу Сағид әл-Худриден (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім Алла жолында бір күн ораза тұтса, Алла оның жүзін тозақтан жетпіс күзге (жылға) алыстатады», – деген. (Бұхари мен Мүслім риуаят еткен).

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «تُعْرَضُ الْأَعْمَالُ يَوْمَ الْإِثْنَيْنِ وَالْخَمِيسِ فَأُحِبُّ أَنْ يُعْرَضَ عَمَلِي وَأَنَا صَائِمٌ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Дүйсенбі және бейсенбі күндері іс-амалдар ұсынылады. Сондықтан да мен амалымның ұсынылғанын қалап сол күндері ораза тұтамын», – деген. (Термези риуаят еткен).

Рамазаннан кейінгі ең қайырлы ораза

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «أَفْضَلُ الصَّيَامِ بَعْدَ رَمَضَانَ شَهْرُ اللَّهِ الْمُحَرَّمُ، وَأَفْضَلُ الصَّلَاةِ بَعْدَ الْفَرِيضَةِ صَلَاةُ اللَّيْلِ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Рамазан айынан кейінгі ең абзал ораза Алланың айы мұхаррам айында тұтылған ораза, парыз намаздарынан кейінгі ең абзал намаз түнгі намаз», – деген. (Мүслім риуаят еткен).

Ғұмыр бойы ораза тұтқандай

عَنْ أَبِي أَيُّوبَ الْأَنْصَارِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّهُ حَدَّثَهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «مَنْ صَامَ رَمَضَانَ ثُمَّ أَتْبَعَهُ سِتًّا مِنْ شَوَّالٍ كَانَ كَصِيَامِ الدَّهْرِ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Әбу Аййуб әл-Ансариден (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім рамазан оразасын тұтып, одан кейінгі шаууал айынан алты күн тұтса, мәңгілік ораза тұтқанмен тең», – деген. (Мүслім риуаят еткен).

Рамазан айының отыз күн оразасынан кейін шаууал айынан алты күн ерікті ораза ұстаса, оның

сауабы жыл бойы ораза тұтқандай болады екен. Өйткені Алла Тағала әрбір ізгілікті он еседен бастап бірнеше есеге дейін көбейтеді. Отыз күнге тағы алты күнді қоссақ, отыз алты күн, ал оны онға көбейтсек, үш жүз алпыс күн. Демек, бір жыл ораза тұтқандай болады. Ал жыл сайын дағдыға айналдырса, өмір бойы ораза тұтқандай екен. Мұнда мұсылман жыл санауында 355 немесе 356 күн болатындығын ескерген жөн. Олай болса, осы игіліктен мақұрым қалмай, айттан соң алты күн ораза тұтқанымыз абзал. Ол алты күнді арасын бөлмей тұтуға да, сол айдың ішінде ара-кідік тұтуға да болады.



§3 ҚАДІР ТҮНІН ҚАДІРЛЕ

Үмбетіміздің тарихына көз жүгірсек, осы қасиетті айдың мұсылман тарихында ерекше белгіленгенін көреміз, жеңіс пен құт-береке, қайырлылыққа толы ай екеніне куә боламыз. Бұл маусым мұсылмандардың ораза парызын орындап, күнәдан арылып, имандылықтарын нығайтып, рухани түлейтін мезгілі. Байлардың жомарттық көрсететін айы. Жалпы мұсылмандар үшін өзін өзі тәрбиелейтін сабырлылық айы. Мүбәрак маусым тек мейірім, игілік әкеледі. Оның кереметтері таусылмайды.

Расында да Алла Тағала он екі айдың ішінде рамазан айын айрықша құлшылық айы етіп белгіледі. Ал енді осы рамазан айының ішінде бір өзі мың айға татитын Қадір түнін енгізген екен. Бұл қасиетті түн туралы Құран Кәрімнің бірнеше жерінде айтылған. Оның ішінде Қадір сүресі түгелдей осы түнге арналған. Енді сол аталған аяттарға жеке-жеке тоқталып өтейік.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿إِنَّا أَنْزَلْنَاهُ فِي لَيْلَةِ مُبَارَكَةٍ إِنَّا كُنَّا مُنذِرِينَ * فِيهَا يُفْرَقُ كُلُّ أَمْرٍ حَكِيمٍ * أَمْرًا مِنْ عِنْدِنَا إِنَّا كُنَّا مُرْسِلِينَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Шын мәнінде, Біз оны (Құранды) бір мүбәрак түнде түсірдік. Расында, біз ескертуші болдық. Ол түнде барлық хикметті істер айырылады. Біздің тарапымыздан бір бұйрық. Расында біз елшілерді жіберушіміз» (Дұхан сүресі, 3-5-аяттар).

Ал Қадір сүресінде былай делінген.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿إِنَّا أَنْزَلْنَاهُ فِي لَيْلَةِ الْقَدْرِ * وَمَا أَدْرَاكَ مَا لَيْلَةُ
الْقَدْرِ * لَيْلَةُ الْقَدْرِ خَيْرٌ مِّنْ أَلْفِ شَهْرٍ * تَنَزَّلُ الْمَلَائِكَةُ وَالرُّوحُ
فِيهَا بِإِذْنِ رَبِّهِمْ مِّنْ كُلِّ أَمْرٍ * سَلَامٌ هِيَ حَتَّىٰ مَطَلَعِ الْفَجْرِ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Шындығында, Біз оны (Құранды) Қадір түнінде түсірдік. Қадір түнінің не екендігін білесің бе? Қадір түні мың айдан қайырлы. Онда (бұл түні) періштелер мен Рух (Жебірейіл а.с.) Раббыларының рұқсаты бойынша барлық іс (Алланың әмірі) үшін түседі. Ол (түн) таң атқанға дейін бейбітшілікте болады» (Қадір сүресі).

Қадір сүресінің түсіндірмесі

Қадір түнінің қадір-қасиетін жете түсінуіміз бес аяттан тұратын бұл сүренің әрбір аятына жеке-жеке тоқталып өткіміз келіп отыр.

Бірінші аятында: «Шындығында, Біз оны (Құранды) Қадір түнінде түсірдік» делінген. Бұл аятта араб тіліндегі мағынаны, хабарды нығайта түсетін күшейтпелі сөздер қолданылған. Мәселен, Алла Тағала барлық істің иесі болса да, мұнда көпше түрде «біз» деп айтылып тұр. Сөздің бұлай қолданылуының өзі айтылмыш тақырыптың ұлылығы мен маңыздылығынан хабар береді. Сондай-ақ, бұл іске ең үлкен періштелердің бірі, уахи

жеткізуші Жебірейіл сияқты көптеген періштелердің қатысқандығынан білдіреді.

Жалпы Құранның түсірілуі адамзат тарихындағы үлкен оқиға болды. Құран адамзат үшін ашық жол көрсетуші, екі дүниенің бақытына жеткізуші қасиетті кітап, Алланың кәләмі. Ибн Аббас (р.а.): «Осы түні Құран Кәрім толықтай төменгі дүниенің аспанына түсірілді», – деген.

Анамыз Айшадан (р.а.) риуаят еткен Бұхаридің хадисінде Қадір түнінде болған осы оқиғаның қалай басталғаны туралы былайша баяндалады. Әбубәкір Сыддықтың қызы, мүміндердің анасы Айша (р.а.) былай дейді: «Алланың Елшісіне (с.а.с.) алғашқы уахилар, айқын түс түрінде келді. Оның көрген түстері өңінде айна-қатесіз болатын болды. Сосын ол (с.а.с.) оңаша қалуды ұнатты. Сөйтіп, Хира атты үңгірдің ішінде Раббысына ғибадатпен айналысты. Көп күндер сонда қалып, үйінен көп күнге керекті азығын алып кетіп жүрді. Қайтып келгенде өзінің басынан өткен керемет жағдаяттарды жұбайы Хадишаға әңгілемелеп беретін. Бірде түнде Хира үңгірінде жатқанда оған бір періште (Жебірейіл) келіп «Оқы!» деді. Ал пайғамбарымыз жазу-сызудан бейхабар еді. «Мен оқи алмаймын» деп жауап берді. Сосын періште оны қатты қысып, сосын қайтадан босатып, тағы да «Оқы!» деп бұйырды. Осылай үш рет жасаған соң, Жебірейіл Алланың әмірімен мына аяттарды оқиды:

﴿اقْرَأْ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِي * خَلَقَ خَلْقَ الْإِنْسَانِ مِنْ عَلَقٍ * اقْرَأْ
وَرَبُّكَ الْأَكْرَمُ * الَّذِي عَلَّمَ بِالْقَلَمِ * عَلَّمَ الْإِنْسَانَ مَا لَمْ يَعْلَمْ﴾

«Сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адамбаласын ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Ол Раббың аса ардақты. Сондай қаламмен үйреткен. Адамзатқа білмеген нәрселерін үйреткен». Қатты қорыққан Пайғамбар (с.а.с.) жүрегі дірілдеп үйіне жүгіріп барады. Жұбайы Хадиша анамызға (р.а.) бара сала «Мені орап тастаңдар! Мені орап тастаңдар!» дейді. Олар Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қорқынышы сейілгенше оны жылы орап тастайды. Пайғамбар (с.а.с.) өзі үшін қатты қорыққандығын айтады. Сонда Хадиша анамыз (р.а.): «Қорықпа. Сені Алла қор қылмас. Өйткені сен тек ізгі істер істейсің, туысқандарыңмен байланысыңды үзбейсің, қиындықтарды көтере білесің, жарлы-жақыбайға болысып, қонақтарға жомарттық көрсетесің» дейді. Сосын Хадиша анамыз (р.а.) Уарақа ибн Нуфил деген бір білімдар туысын шақырып, болған жайды баяндайды. Ол шынайы насара дінінде болатын. Қасиетті кітаптарды оқи алатын. Бірақ біраз жасқа келіп қартайған шағы еді. Көзі де көрмей қалған. Уарақа Пайғамбардың (с.а.с.) басынан өткен нәрсені өз аузынан естіген соң: «Сенің көргенің Мұсаға түскен Намус, яғни Жебірейіл періште. Әттең, сені өзіңнің қауымың еліңнен қуып шыққанда тірі болсам ғой», – дейді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.) таңданып: «Сонда мені өзімнің елім қуып шыға ма», – деп сұрайды. Сонда әлгі білімдар кісі: «Иә, Жебірейіл келген әрбір адам (пайғамбар) қиын-қыспаққа түсіп, елінен қуылады. Егер сол уақытқа жетсем саған көмектесер едім», – дейді.

Расында да Уарақа ибн Нуфил айтқаны дәл келеді. Хира үңгірінен басталған нұр бүкіл әлемге таралады.

Пайғамбар (с.а.с.) өз руластарынан, жақындарынан көп құқай көреді.

Адамзатты адасудан, шайтанның азғыруынан құтқарушы Құран осылай түскен еді. Алланың кәләмі Кәрім Пайғамбарға (с.а.с.) осы кезден бастап жиырма үш жыл бойы үзік-үзік болып нәзіл болды.

Қадір сүресінің бірінші аяты Құран Кәрімнің нақ осы Қадір түні түскенін айқындап, оның бұрыннан құрметті, аса мәртебелі түн екендігін білдіріп тұр. Кейбір ғұламалардың айтуынша, Алла Тағала тарапынан түсірілген бұрынғы қасиетті кітаптар да осы берекелі рамазан айында түсірілген. Ибраһимге (а.с.) қасиетті парақшалар, Мұсаға (а.с.) Тәурат, Исаға (а.с.) Інжіл берілген. Ал осы мүбәрәк айдың ішіндегі Қадір түні барша адамзатқа Алла Тағаланың ең соңғы жолдауы – Құран Кәрім жіберілді.

Ендеше Қадір сүресінің алғашқы аяты Құран Кәрімнің осы Қадір түні түсірілгендігін айқындап, осынау түннің айрықша дәрежесін биіктетіп тұр. Келесі аяттарда бұл түннің аса қасиетті түн екендігі паш етіледі.

Екінші аятта Алла Тағала Пайғамбарымыз Мұхаммедтен (с.а.с.) және барша мүміндерден Қадір түнінің қандай түн екендігін сұрайды. **«Қадір түнінің не екендігін білесің бе?»**

Біз сұрақтың негізінде бір нәрсе туралы білу мақсатында қойылатындығын білеміз. Ал бұдан басқа сұрақ қоюдың басқа да мақсаттары бар. Мысалы, жақсы көрген кісіңізді тосын сыймен қуантқыңыз келсе, «мына қораптың ішінде саған арналған бір нәрсе бар, ал сен оның не екенін білесің бе» деп

сұрап, оның ынтызарлығын, сыйлықты білуге деген құштарлығын арттыра түсесіз. Дереу айта салмай, әбден қызықтырып барып айтасыз. Ал сіз мұндай сұрақты қоймай-ақ, жай «осы тарту саған» дей салсаңыз оның тыңдаушы үшін көп әсері болмайды.

Алла Тағаланың мысалы бәрінен де жоғары. Осы аятта да сондай ынтықтыру, құлшындыру тәсілі қолданылған. «Иә, Қадір түнінің қандай түн екенін білесің бе?» Бұл сұрақтың артында үлкен бір олжа, керемет бір жаңалық айтылатыны анық. «Жоқ, Раббымыз! Біз бұл түнді білмейді екенбіз. Сонда бұл түн қандай түн? Мұның қандай артықшылығы бар?» деген сұрақ туындайды. Ендеше, бұл сұрақ Қадір түнінің өте керемет түн екендігін паш етеді.

Үшінші аятта осы сырдың беті ашылады. «**Қадір түні мың айдан қайырлы**».

Қалайша бір түн мың айдан қайырлы болады? Сонда мың айдың уақыты, яғни сексен үш жыл төрт ай бір ғана түнге сыйып кете ме? Тәуліктегі бір түннің ұзақтығы әрі кеткенде 12-13 сағат қана болады. Қалайша мың ай осы уақытқа сыйып кетеді?

Мұның мағынасы осы түнде орындалған амал-ғибадаттар мың айда жасалған ғибадаттардан да қайырлы, мол сауапты болады дегенді білдіреді. Демек, бұл қайталанбас уақыт, кімде-кім осы түні ғибадат жасаса, оның сауабы мың айда жасалынған ғибадатпен тең болады. Ендеше, бұл түннен құр қалмайық.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ:
«مَنْ قَامَ لَيْلَةَ الْقَدْرِ إِيمَانًا وَاحْتِسَابًا غُفِرَ لَهُ مَا تَقَدَّمَ مِنْ ذَنْبِهِ». رَوَاهُ
الْبُخَارِيُّ وَمُسْلِمٌ.

Әбу һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «*Кімде-кім Қадір түнінде шынайы иманмен, сауабынан үміт етіп ғибадат қылса, оның бұрынғы күнә-қателіктері кешіріледі*», – деген. (Бұхари мен Мүслим риуаят еткен).

Киелі түннің қадір-қасиеті шарапатты аяттарда осылай белгіленген екен. Қадір түнінің дәрежесі қандай екендігі осылай айқындалды. Осы ғажап сүренің түсу себебі туралы тәпсірші ғалымдар мынадай риуаяттар келтіреді. Бәйһақи мен Ибн Мунзир таратқан хабарда былай делінеді: «Бірде Пайғамбарымыз (с.а.с.) қасындағы сахабаларына ертедегі Бәни Исраилда бір баһадүрдің Алла жолында мың ай бойы аттан түспей ғазауат қылғаны туралы әңгімелеп береді. Сонда сахабалар ондай ерлік жасауға өздерінің күш-қайраттарының жетпейтіндіктерін ойлап қам жеген екен. Бұл жайт Пайғамбарды (с.а.с.) да ойландырыпты. Сонда осы Қадір сүресі түскен екен».

Өйткені бұрынғы үмбеттердің дене сипаттары кейінгілерден әлдеқайда күшті болып, олар өте ұзақ жасайтын. Ал мұсылман үмбеті орташа үмбет.

Қадір түнінің атауы жайлы да біраз пікірлер бар. Аз-Зухри деген ғалым Қадір түнінің бұлай аталуының сыры оның қадірлілігіне, құрметтілігіне байланысты дейді. Халил ибн Ахмет деген ғалым Қадір түнінің бұлай аталу себебі араб тіліндегі «қадр» сөзінің «тарылу» деген мағынада да қолданылатындығында, яғни сол түні жерге түскен періштелердің көптігі

соншалық, олар жердің бетіне сыймай кетеді деген пікірін келтіреді.

Ал көпшілік тәпсіршілер және Ислам ғалымдарының басым көпшілігі Қадір түнінің аталуы «қадір» сөзінің «тағдыр» деген мағынасына байланысты деген ортақ ойға тоқталған. Яғни нақ осы түні келер жылы болатын істердің тағдырлары шешіледі. Кейбір ғалымдардың түсіндіруінше бұл істер төмендегідей:

1. Тағдыр тақтасында жазылған тағдырларды, пенде-лердің амалдарын орайластырып, ризықтар мен өсімдіктер, жауын-шашындар істері Микаил періштеге жүктеледі.

2. Соғыстар мен жер сілкіністері, найзағайлар, жердегі апаттар Жебірейіл періштеге жүктеледі.

3. Пенделердің іс-амалдары бақылау Исрафил періштеге жүктеледі.

4. Тауқымет, ажал мерзімдері Әзірейіл періштеге жүктеледі.

Сондай-ақ Қадір түні пенделердің ризық-несібелері, жастары және жалпы қайырлы істердің тағдырлары шешіледі дейді тәпсіршілер. Сондай хикметтерге байланысты бұл түні жасалған құлшылықтың сауабы да мол, мәртебесі де биік.

Төртінші аятта: **«Онда (бұл түні) періштелер мен Рух (Жебірейіл а.с.) Раббыларының рұқсаты бойынша барлық іс (Алланың әмірі) үшін түседі»** делінген.

Ибн Аббастың (р.а.) айтуынша осы түні Жебірейіл (а.с.) бастаған мыңдаған періштелер аспан әлемінен жерге түседі. Жер бетіндегі адамдардың, оның ішінде мұсылмандардың не істеп жатқандарын бақылайды. Түн аяқталған соң көкке қайта көтеріледі.

Сонда жоғарыдағы періштелер бұлардан «Қайдан келесіндер», – деп сұрайды. Сонда Жебірейіл (а.с.): «Жер бетінен келеміз. Бүгін Мұхаммедтің (с.а.с.) үмбеті үшін Қадір түні болды», – дейді. Сонда жоғарыдағы періштелер: «Алла Тағала Мұхаммедтің (с.а.с.) үмбетінің қажет-тілектерін қандай жауап берді?» – деп сұрайды. Сонда Жебірейіл (а.с.): «Алла Тағала олардың ізгілерінің күнә-қателіктерін кешіріп, олардың құрметі үшін жамандарын да кешірді», – дейді. Осылайша періштелер жердегі мұсылмандардың намаздарын, тәсбих-тәһлиддерін, дұға-тілектерін жоғары көтеріп әкетеді. Міне, осындай дәрежеден, мол сауаптан құр қалмау үшін Қадір түні дұға тілеп, намаз оқуымыз қажет.

Бесінші аятта: **«Ол (түн) таң атқанға дейін бейбітшілікте болады»** делінген.

Яғни бұл түн тыныштық, мамыражайлық сипатта болып ол таңның атуына дейін жалғасады екен. Ғалымдар осы сипат оны басқа түндерден ерекшелейтін сипаты, осы арқылы Қадір түнін тануға болады деген. Кейбір тәпсіршілердің пікірінше, бұл аяттағы «сәлем» сөзі періштелердің әрбір мүмін-мұсылманға сәлем беруін білдіреді. Бұл түн таң атқанға дейін мамыражай, бейбіт күйде өтеді.

Қадір түні қай күні келеді

Ислам ғұламалары Қадір түнінің қай күні келетіні туралы әртүрлі көзқараста. Бірақ барлығы да Бұхари мен Мүслим риуаят еткен *«Қадір түнін Рамазан айының соңғы күндерінің ішіндегі тақ санды түндерінің арасынан іздеңдер»* деген хадиске тоқталады.

Бұл түннің тақ болуының хикметі басқа хадисте айтылғандай: «Алла Тағала тақ (яғни жалғыз) және тақ санды ұнатады».

Айша анамыз (р.а.): «Алланың Елшісі (с.а.с.) рамазан айының соңғы онкүндігінде ғибадатты ерекше ыждағаттылықпен орындап, түнін намазбен өткізіп, жанұясын да намаз оқуға оятатын» – дейді. Бұл соңғы онкүндікті Пайғамбарымыз (с.а.с.) кейде мешітте өткізіп, иғтикәфта отыратын.

Мүслім, Ахмет және Әбу Дәуіт, Термези сияқты хадис имамдарының таратқан риуаятында сахаба Убәй ибн Кағб (р.а.): «Алланың атымен ант етейін! Мен Пайғамбардың (с.а.с.) ғибадат етуге бұйырған Қадір түнін білемін. Ол рамазан айының жиырма жетінші түні. Оның белгісі бұл түн аяқталып, күн шыққанда еш сәулесіз аппақ боп шығады», – деген екен.

Бүкіл істің сырын бір Алла біледі. Осы түн Қадір түні екен деп, жиырма жетінші түні ғана көп ғибадат жасап, рамазан айындағы басқа түндерді ескерусіз қалдыруға болмайды. Бұрынғы өткен салихалы мұсылмандар Қадір түніне сәйкес келер деп рамазан айының барлық түндері қажырлылықпен ғибадат жасаған.

Демек, ғибадатты, тілек-дұғаны қай уақытта да, рамазан айының барлық түндерінде айтуымыз керек. Сонда ғана Қадір түніне дөп келуіміз мүмкін. Қадір түнінің нақты айтылмауының сыры да осында. Кейбір ғұламалар былай деген екен: «Алла Тағала әр түрлі нәрселерді белгілі бір хикметтер үшін жасырды. Рамазанның барлық түндерін ғибадатпен өткізу үшін Қадір түнін сол түндердің арасына жасырды. Жұма

күнін толықтай дұға-тілекпен өткізу үшін дұға қабыл болатын сағатты осы күннің бір сағатына жасырды. Күнделікті бес уақыт намазды барлығын сақтап жүру үшін орташа намазды солардың арасына жасырды. Бүкіл есімдерін айтып жүру үшін ұлы есімін тоқсан тоғыз көркем есімдерінің арасына жасырды. Пенденің барлық ғибадатты да қалдырмай орындауы үшін ғибадаттардың арасына разылығына жеткізетінін жасырды. Пенденің барлық күнәлардан бәрінен аулақ болуы үшін күнәлардың арасына ашуын тудыратын ауырын жасырды. Әрқашан да оны қорқып еске алып, дайындалып жүру үшін ақырзаман сағатын уақыттардың бірінде жасырды. Әрдайым оған дайын болып жүруі үшін пенденің ажалын өмірінің бір кезіне жасырды».

Қадір түні көпшілік үшін жиырма жетісі деп белгіленгенмен, оның нақ осы түнге сәйкес келетіні туралы нақты бұлтартпас дәлелдің жоқтығы жайында жоғарыда айтып өттік. Үмбетіміздегі аса тақуадар ғалымдар мен ізгі жандардың айтуынша Қадір түнінің басқа түндерден өзгеше өзіндік қасиет, белгілері бар. Олар мынадай:

1. Қадір түні өте тыныштық мамыражай күйде өтеді. Қатты ыстық та, қатты суық та болмайды.
2. Қадір түнінен кейін таң атып, күн көкжиектен көтерілгенде аппақ болып, жарық-сәулесі әдеттегідей бірден жайылмайды.
3. Ағаштар мен өсімдіктер барлық жаратылыс Жаратушыға сәжде етіп тұрғандай болады.

Қадір түні не істеу керек?

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ:
«مَنْ قَامَ لَيْلَةَ الْقَدْرِ إِيمَانًا وَاحْتِسَابًا غُفِرَ لَهُ مَا تَقَدَّمَ مِنْ ذَنْبِهِ». رَوَاهُ
الْبُخَارِيُّ وَمُسْلِمٌ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Кімде-кім Қадір түнінде шынайы иманмен, сауабынан үміт етіп гибадат қылса, оның бұрынғы күнә-қателіктері кешіріледі», – деген. (Бұхари мен Мүслим риуаят еткен).

Ал енді Қадір түнінде оқылатын дұғаларға келсек, Айша анамыз (р.а.) Алланың Елшісінен (с.а.с.): «Уа, Расулалла! Қадір түні екенін білсем не деймін? – деп сұрағанда, ол (с.а.с.): «Уа, Алла! Сен Кешірімдісің және кешірім еткенді жақсы көресің. Мені кешіре гөр!» деп айт», – деген.

اللَّهُمَّ إِنَّكَ عَفُوفٌ تُحِبُّ الْعَفْوَ فَاعْفُ عَنِّي

Оқылуы: «Аллаһумма иннака ғафуун тухиббул-ғафуа фағфу ғанни»

Жалпы хадистерде Жаратқаннан ғафу-кешірім мен амандық-саулық тілеу керектігі жөнінде көп айтылған. Қадір түні зікір-дұғаларды көп айту қажет. Төменде әр-дайым оқылатын дұға-тілектердің кейбір үлгілері берілді.

Дұға үлгілері

Бірде Алла Елшісінің (с.а.с.) көкесі Аббас ибн Абдул-Мұтталиб (р.а.): «Уа, Расулалла! Алла Тағалаға тілейтін бір дұға үйретші», – деп сұрайды. Сонда Алла Елшісі (с.а.с.): «Ей, Аббас! Пайғамбардың көкесі! Алладан дүниеде де ақыретте де есендік сұра», – деп жауап береді.

«اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ الْعَافِيَةَ فِي الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ وَغَيْرُهُ.

Оқылуы: «Аллаһумма инни әс'әлукәл-ғаафия фид-дуня уал-аахира».

Мағынасы: «Уа, Алла! Өзіңнен дүние мен ақыретте есен болуды сұраймын» (Термези т.б. риуаят еткен).

«اللَّهُمَّ إِنَّا نَسْأَلُكَ مِنْ خَيْرِ مَا سَأَلَكَ مِنْهُ نَبِيُّكَ مُحَمَّدٌ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ، وَنَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ مَا اسْتَعَاذَ مِنْهُ نَبِيُّكَ مُحَمَّدٌ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ، وَأَنْتَ الْمُسْتَعَانُ، وَعَلَيْكَ الْبَلَاءُ، وَلَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ وَابْنُ مَاجَةَ.

Оқылуы: «Аллаһумма иннә нәс'әлукә мин хайри мәә сә'әләкә минһу ғабдукә уә нәбиййукә Мухаммадун саллаллаһу ғәләйһи уә сәлләм, уә нәбуузу бикә мин шәрри мәстәғәәзә минһу ғабдукә уә нәбиййукә Мухаммадун саллаллаһу ғәләйһи уә сәлләм, уә әнтәл-мустәғән, уә ғәләйкәл-бәләғу, уә ләә хәулә уә ләә қууәтә илләә билләәһ».

Мағынасы: «Уа, Алла! Біз Өзіңнен Пайғамбарың Мұхаммед, оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын, сұраған қайырдылықты сұраймыз әрі Өзіңмен Пайғамбарың Мұхаммед, оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын, сақтанған нәрселерден сақтанамыз. Расында Сен – біздің панамызсың, жеткізу Саған тән, Алладан басқа күш те, қуат та жоқ» (Термези, Ибн Мәже риуаят еткен).

Пайғамбар (с.а.с.) тағы бір дұғасында: «Уа, Алла! Разылығың арқылы қаһарыңнан сақтанамын!» – деген. Оқылуы: «Аллаһумма инни абузу биридакә мин сахатик».

عَنْ سَعْدِ بْنِ أَبِي وَقَّاصٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «دَعْوَةُ ذِي النُّونِ، إِذْ دَعَا وَهُوَ فِي بَطْنِ الْحُوتِ: «لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ سُبْحَانَكَ إِنِّي كُنْتُ مِنَ الظَّالِمِينَ» فَإِنَّهُ لَمْ يَدْعُ بِهَا رَجُلٌ مُسْلِمٌ فِي شَيْءٍ قَطُّ إِلَّا اسْتَجَابَ اللَّهُ لَهُ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ وَأَحْمَدُ.

Сағыдтан (р.а.) жеткен хадисте Алланың Елшісі (с.а.с.): «Қайсыбір мұсылман балық иесінің (Жүніс пайғамбардың) «Сенен өзге құдай жоқ, Сен пәксің, шынында мен залымдардан болдым» деген дұғасымен қайсыбір ісінде дұға қылса, Алла қабыл етеді», – деген. (Термези, Ахмет риуаят еткен).

Оқылуы: «Ләә иләһә илләә әнтә субхәнәкә инни кунту миназ-заалимиин».

«اللَّهُمَّ أَنْتَ رَبِّي لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ، خَلَقْتَنِي وَأَنَا عَبْدُكَ، وَأَنَا عَلَى عَهْدِكَ وَوَعْدِكَ مَا اسْتَطَعْتُ، أَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ مَا صَنَعْتُ، وَأَبُوءُ لَكَ بِنِعْمَتِكَ عَلَيَّ وَأَبُوءُ بِذَنْبِي فَاغْفِرْ لِي فَإِنَّهُ لَا يَغْفِرُ الذُّنُوبَ إِلَّا أَنْتَ». رَوَاهُ أَحْمَدُ وَأَبُو دَاوُدَ وَابْنُ مَاجَهَ، وَابْنُ حِبَّانَ، وَالْحَاكِمُ.

Оқылуы: «Аллаһумма әнтә рабби лә иләһә илләә әнтә, халақтәни уә әнә ʿабдук, уә әнә ʿалә ʿаһдикә уә уәʿдикә мастәтаʿату, әбуузу бикә мин шәрри ма санаʿту, уә әбуу'у ләкә биниғмәтикә ʿаләййә, уә әбуу'у бизәнби фағфирли фаиннәә лә йағфирүз-зунуубә илләә әнтә».

Мағынасы: «Ей, Алла! Сен менің Раббымсың, Сенен өзге Құдай жоқ, Сен мені жараттың және мен Сенің құлыңмын. Күшім жеткенше Сенің сертің мен уәдеңе амал етемін. Өзіңмен істеген жамандықтарымнан сақтанамын. Өзіңе нығметтеріңмен қайтатын боламын және күнәммен бірге қайтамын. Сонда Сен мені кешір, өйткені күнәларды Сенен басқа ешкім де кешіре алмайды». (Ахмет, Әбу Дәуіт, Ибн Мәже, Ибн Хиббан, әл-Хаким риуаят еткен).

«اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنْ فِتْنَةِ النَّارِ وَعَذَابِ النَّارِ، وَفِتْنَةِ الْقَبْرِ، وَعَذَابِ الْقَبْرِ، وَشَرِّ فِتْنَةِ الْغِنَى، وَشَرِّ فِتْنَةِ الْفَقْرِ، اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ فِتْنَةِ الْمَسِيحِ الدَّجَالِ، اللَّهُمَّ اغْسِلْ قَلْبِي بِمَاءِ الثَّلْجِ وَالْبَرْدِ، وَنَقِّ قَلْبِي

مِنَ الْخَطَايَا كَمَا نَقَيْتَ الثَّوْبَ الْأَبْيَضَ مِنَ الدَّنَسِ، وَبَاعَدَ بَيْنِي وَبَيْنَ
خَطَايَايَ كَمَا بَاعَدْتَ بَيْنَ الْمَشْرِقِ وَالْمَغْرِبِ. اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ
الْكَسَلِ وَالْمَأْتَمِ وَالْمَغْرَمِ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَمُسْلِمٌ.

Оқылуы: «Аллаһумма инни әбуузу бикә мин фитнәтин-наар уа ғәзәәбин-наар уа фитнәтил-қабри, уа шәрри фитнәтил-гина, уа шәрри фитнәтил-фақри. Аллаһумма инни әбуузу бикә мин шәрри фитнәтил-мәсиихид-дәжжаал. Аллаһуммагсил қалби бимәә'ис-сәлжи уал-барад, уа наққи қалби минәл-хатаайа кәмәә наққайтәс-сәубәл-әбиада минәд-дәнәс, уа бәәбид бәйнии уа бәйнә хатаайа кәмәә бәәәдтә бәйнәл-машриқи уал-мағриб. Аллаһумма инни әбуузу бикә минәл-кәсәли уал-мә'сәми уал-мағрами».

Мағынасы: «Уа, Алла! Шын мәнінде мен Өзіңмен тозақ сынағынан, тозақ азабынан, қабір сынағынан, қабір азабынан, байлықтың ауыр сынағынан, кедейліктің ауыр сынағынан сақтанамын. Уа, Алла! Шындығында мен Өзіңмен Мәсіх Дажалдың ауыр сынағынан сақтанамын. Уа, Алла! Жүрегімді қармен және суықпен жуғайсың. Жүрегімді күнә-қателіктерден аппақ киімді кірден тазартқандай тазартқайсың. Күнә-қателіктерім мен менің арамды шығыс пен батыстың арасындай арақашықтыққа алыстатқайсың. Уа, Алла! Шындығында мен Өзіңмен жалқаулықтан, күнәдан, зиянға ұшыраудан сақтанамын» (Бұхари мен Мүслим риуаяты).

«اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْعَجْزِ، وَالْكَسَلِ، وَالْجُبْنِ، وَالْبُخْلِ، وَالْهَرَمِ،
وَعَذَابِ الْقَبْرِ، اللَّهُمَّ آتِ نَفْسِي تَقْوَاهَا، وَزَكَّهَا أَنْتَ خَيْرٌ مِنْ زَكَّاهَا،
أَنْتَ وَلِيِّهَا وَمَوْلَاهَا، اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنْ عِلْمٍ لَا يَنْفَعُ، وَمِنْ قَلْبٍ
لَا يَخْشَعُ، وَمِنْ نَفْسٍ لَا تَشْبَعُ، وَمِنْ دَعْوَةٍ لَا يُسْتَجَابُ لَهَا». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Оқылуы: «Аллаһумма инни әбуузу бикә минәл-ғаджзи уал-кәсәли уал-дјубни уал-һарәми, уа ғәзәәбил-қабри. Аллаһумма әти нәфси тақуаһаа, уа зәккиһәә уа әнтә хайру мән зәккәһәә, әнтә уалийуһә уа мәуләәһә. Аллаһумма инни әбуузу бикә мин ғилмин ләә йәнфәу, уа мин қалбин ләә йахшаәу, уа мин нәфсин ләә тәшбәу, уа мин дәуәтин ләә йустәдјәәбу ләһәә».

Мағынасы: «Уа, Алла! Шындығында мен Өзіңмен дәрменсіздіктен және жалқаулықтан, қорқақтықтан, кәріліктен, қабір азабынан сақтанамын. Уа, Алла! Нәпсіме тақуалық дарытып, оны тазала. Сен ең қайырлы тазалаушысың. Сен оның жанашырысың әрі Иесісің. Уа, Алла! Шындығында мен Өзіңмен пайда бермейтін білімнен, қорықпайтын жүректен, тоймайтын нәпсіден және жауап берілмейтін дұғадан сақтанамын». (Мүслим риуаят еткен).

«اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ الْجَنَّةَ وَأَسْتَعِيدُ بِكَ مِنَ النَّارِ، اللَّهُمَّ تَقَبَّلْ مِنَّا
صِيَامَنَا وَقِيَامَنَا وَصَدَقَاتَنَا وَصَالِحَ أَعْمَالِنَا، اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ بِرَحْمَتِكَ
الَّتِي وَسَعَتْ كُلَّ شَيْءٍ أَنْ تَغْفِرَ لِي».

Оқылуы: «Аллаһумма инни әс'әлукәл-джанната уа астағизукә минән-нар. Аллаһумма тақаббал минна сиамана уа қиамана садақаатина уа салиха ағмалина. Аллаһумма инни әс'әлукә бирахматикәлләти уасиғат куллә шәй'ин ән тағфирали».

Мағынасы: «Я, Алла! Өзіңнен жаннатты нәсіп ет деп сұраймын және Өзің-мен тозақтан сыйынамын. Я, Алла! Тұтқан оразамызды, оқыған намазымыз-ды, садақаларымыз бен ізгі амалдырымызды қабыл ал. Я, Алла! Барлық нәр-селерді қамтыған рахметіңмен менің күнәларымды кешіруіңді сұраймын».

Пайғамбарға (с.а.с.) салауат

عَنْ أَبِي حُمَيْدٍ السَّاعِدِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهُمْ
قَالُوا: يَا رَسُولَ اللَّهِ كَيْفَ نُصَلِّي عَلَيْكَ؟ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ
عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «قُولُوا: اَللّٰهُمَّ صَلِّ عَلٰى مُحَمَّدٍ وَعَلٰى آلِ مُحَمَّدٍ كَمَا
صَلَّيْتَ عَلٰى اِبْرَاهِيْمَ وَعَلٰى آلِ اِبْرَاهِيْمَ، وَبَارِكْ عَلٰى مُحَمَّدٍ وَعَلٰى آلِ
مُحَمَّدٍ كَمَا بَارَكْتَ عَلٰى اِبْرَاهِيْمَ وَعَلٰى آلِ اِبْرَاهِيْمَ، اِنَّكَ حَمِيْدٌ مَّجِيْدٌ».
رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Әбу Хумәйд әс-Сағидидің (р.а.) айтуынша сахабалар: «Уа, Расулалла! Сізге қалай салауат айтамыз?» – деп сұрағанда Алланың Елшісі (с.а.с.): «Уа, Алла! Мұхаммедке және оның әулетіне Ибраһим

мен оның әулетіне салауат жолдағаныңдай салауат жолда! Мұхаммедке және әулетіне Ибраһим мен оның әулетіне береке дарытқаныңдай береке дарыт! Расында Сен – Мақтаулысың һәм Даңқтысың» – деп айтыңдар», – деген. Бұхари риуаят еткен.

Оқылу үлгісі: «Аллаһумма салли ала Мухаммад уа ала әли Мухаммад кәмә саллайта ала Ибраһим уа ала әли Ибраһим иннәкә хамидун мәжид. Аллаһумма бәрик ала Мухаммад уа ала әли Мухаммад кәмә бәрәкта ала Ибраһим уа ала әли Ибраһим иннәкә хамидун мәжид».



§4 ОРАЗА АЙТЫ

Атақты ғұлама Ибн Абидин былай дейді: «Айттың *тшид* аталу себебі оның «қарымта» деген мағынасына байланысты. Өйткені Алла Тағала онда әрбір игілік иесіне жасаған ихсан-игіліктерінің қарымтасын қайтарады. Яғни ораза айындағы ішіп-жемнен тыйылудан, пітір садақасынан соң осы игіліктердің қарымтасы ретінде және қажылық рәсімдерінің қарымтасы ретінде қуаныш, шаттық күндері етіп айт мейрамдарын белгіледі. Және ондағы қуаныш шаттық, белсенділік әдеттеріне орай да солай аталған болу керек».

Айт намазын оқу *нижраның* бірінші жылынан бастап шарифатқа енді. Әнес ибн Мәлік (р.а.) былай деп риуаят еткен: «Алла Елшісі (с.а.с.) Мәдинаға келгенде қала жұртының екі күн тойлайтын мейрамы бар еді. Пайғамбар (с.а.с.) олардан: «Бұл екі күн қандай күн?» – деп сұрағанда мәдиналықтар: «Бұл екі күнді жәһилиет дәуірінде осылай тойлаушы едік», – деді. Сонда Алла Елшісі (с.а.с.): «Алла сендерге ол екеуін олардан да қайырлы екі күнмен ауыстырды: құрбан және ораза айт күндерімен», – деген.

Айт намазының шарифаттағы үкімі

Алла Тағала былай дейді: «**Сендерді тура жолға салған Аллаға шүкірлік етулерің үшін санын толтырыңдар. Әрі Алланы ұлықтаңдар**» (Бақара, 185).

Аяттағы Алланы ұлықтаудың мағынасы айт намазын оқуды білдіреді. Ұлы имам Әбу Ханифа

мазһабының ғалымдары айт намаздары жұма намазы уәжіп болған адамдарға уәжіп деген үкімге тоқталған. Шарттары да нақ сол жұма намазының шарттарындай. Тек мұнда хұтпаның намаздан соң айтылуы сүннет. Пайғамбардың (с.а.с.) өз өмірінде оны қалдырмай ұдайы түрде орындауы айт намазының уәжіптігіне дәлел. Ханафи фиқһындағы уәжіп терминінің мағынасы Құран мен сүннеттен міндеттілігіне шүбәлі дәлелмен дәлелденген іс дегенді білдіреді. Уәжіптің үкімі әдейі тастап кетсе күнәлі болады, бірақ кәпір болмайды. Уәжіп амалдарға үтір, айт намаздары, пітір садақасы т.б. амалдар жатады.

Айт күнгі мұстахаб істер

1. Ертең айт болатын түнді ғибадатпен, зікір, намаз, Құран оқумен, дұға, истиғфар тілеумен өткізген дұрыс. Бұл істерді түннің соңғы бөлігінде орындаған жөн. Реті келсе, бүкіл түннің біраз бөлігін ғибадатпен өткізген жақсы. Бұл жайында Пайғамбар (с.а.с.) былай деген: «*Кімде-кім ораза айты мен құрбан айтының түндерін Алладан есебін тілеп ғибадатпен өткізсе, оның жүрегі жүректер өлетін күні (Қиямет күні) өлмейді*». Түнді ғибадатпен өткізе алмаған адам сол түннің алдындағы құптан намазы мен содан кейінгі таң намазын жамағатпен оқыса сондай сауапқа ие болады. Айт түні қылған дұға қабыл болады. Жұма, ражаб айының алғашқы түні, шағбан айының

ортаңғы түндеріндегі дұғалар сияқты айтқа қараған түні де дұға тілеу мұстахаб.

2. Жұма күндеріндегі секілді айт күндері де ғұсыл құйыну, иіссу себіну, тісті мисуакпен тазалау және ерлер үшін ең тәуір киімдерін киіп шығу. Бұл – Алланың нығметтерін көрсету мен шүкіршілік етудің бір белгісі. Ханафи мазһабы бойынша ғұсылды таң намазынан соң намазға шығардан бұрын құйынған жөн. Ханафилердің пікірлерінше бұл ғұсыл намаз үшін алынатын ғұсыл. Өйткені Алла Елшісі (с.а.с.) осы екі айт күндері таңертең ғұсыл алатын болған. Әли мен Омар да (р.а.) айт күндері ғұсыл құйынатын еді. Пайғамбар (с.а.с.) айт күндері үстіне иіссу себетін және арнайы қызыл шапан киетін. Ал әйелдер ол кездері фитнадан қауіптеніп әтір себінбейтін.

3. Айт намазына ертерек әрі жаяу бару. Тіпті, таң намазынан кейін, күн шықпай тұрып барса жақсы. Бұл алғашқы саптан орын алып, үлкен сауапқа ие болудың бірден-бір жолы. Әли (р.а.): «Айт намазына жаяу бару сүннет», – деген. Өйткені Пайғамбар (с.а.с.) айт күндері көлік мінбейтін. Ал имамның айт намазына жамағаттың соңынан баруы сүннет. Мүслім таратқан хадисте Пайғамбардың (с.а.с.) екі айт күндерінде айт намазы оқылатын жерге жамағаттан кейін келіп: «*Намазға тұрыңдар*», – деп айтқандығы баяндалған. Имамның да, басқа намаз оқушының да айт намазына бір жолмен келіп, басқа жолмен қайтуы ұнамды, мәндүб іс. Сүннетте солай. Бұхари риуаят еткен хадисте сол екі жол да куәгер пендеге болатындығы айтылған. Көбірек сауапқа ие болу үшін ұзағырақ жолмен келіп, қысқа жолмен қайтқан да дұрыс. Адамдардың құрбан айт намазынан соң

құрбан шалуға, ал ораза айт намазынан бұрын пітір садақасын беруге үлгірулері үшін солай істелінеді.

4. Пітір садақасын айт намазының алдында беру мұстахаб іс.

5. Ораза айты намазына барардан бұрын тәтті тағамнан ауыз тию. Пайғамбар (с.а.с.) ораза айтына шығарда аздаған құрма жеген.

6. Өз отбасына сый-сияпат үлестіру. Осы күндері жағдайына қарай әдеттен тыс көбірек садақа беруге тырысу.

7. Мұсылмандармен жылы шыраймен, жымып жүздесу. Туған-туыс пен жолдастардың үйіне барып, туысқандық пен сүйіспеншілік байланыстарын бекіте түсу.

وَالْحَمْدُ لِلَّهِ أَوْلَىٰ وَأَخْرَأَ، وَصَلَّى اللَّهُ عَلَيَّ نَبِيِّنَا مُحَمَّدٍ وَعَلَىٰ آلِهِ وَصَحْبِهِ
وَسَلَّمَ تَسْلِيمًا كَثِيرًا

*Әуелгіде де, ақырында да Алла Тағалаға мадақ!
Алланың мол салауаты мен сәлемі Пайғамбарымыз
Мұхаммедке, оның әулеті мен сахабаларына болғай!*

МАЗМҰНЫ

Алғысөз.....	3
§1 РАМАЗАН АЙЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ.....	4
Пайғамбардың (с.а.с.) сүйіншілеуі.....	7
Құран түскен құтты ай.....	11
Айрықша құлшылықтар айы.....	13
Тәубе айы.....	14
Тақуалық айы.....	15
Сабыр айы.....	18
Шүкіршілік айы.....	20
Жеңіс айы.....	23
Бәдір шайқасы.....	24
Меккенің ашылуы.....	25
Ораза тұтушыға өсиет.....	28
Ораза тұтушыға берілген бес қасиет.....	31
Бейіш қақпасы күтіп тұр.....	31
§2 ОРАЗА ҮКІМДЕРІ.....	32
Оразаға ниет ету.....	35
Оразаны бұзу және оның өтемі.....	36
Оразаны бұзбайтын нәрселер.....	37
Оразаның мәкруһтері.....	37
Оразаның қазасы.....	37
Нәпіл ораза.....	38
Тарауық намазы.....	39
Иғтикәф.....	41
Пітір садақасы.....	43
Қайырлы істен қалыс қалма.....	45
Ораза дұғалары.....	46
Рамазан айын көргенде.....	47
Рамазан оразасының ниеті.....	48
Ерікті оразаның ерекшелігі.....	52
Рамазаннан кейінгі ең қайырлы ораза.....	53

Ғұмыр бойы ораза тұтқандай.....	53
§3 ҚАДІР ТҮНІН ҚАДІРЛЕ.....	55
Қадір сүресінің түсіндірмесі.....	56
Қадір түні қай күні келеді.....	63
Қадір түні не істеу керек?.....	66
Дұға үлгілері.....	67
Пайғамбарға (с.а.с.) салауат.....	72
§4 ОРАЗА АЙТЫ.....	74
Айт намазының шарифаттағы үкімі.....	74
Айт күнгі мұстахаб істері.....	75

Ержан қажы Малғажыұлы

МҮБӘРАК РАМАЗАН

Редакторы: Сәбит Ибадуллаев
Дизайн, тех.редакторы: Абзал Жауһаров

Басуға 00.06.2013 жылы қол қойылды. Қағазы офсеттік. Офсеттік
басылым. Пішімі 84/108/ 1/16. Баспа табағы 5. Таралымы 10000.
Тапсырыс № 2

«Ғибрат» ЖШС баспаханасында басылды.